Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Шығыс Қазақстан облысы

Вариативтік компонент «Өнерпаздар әлемі»

Авторлық бағдарлама

Семей қаласы, 2021 ж

УДК 372.4 (075.8)
ББК 74.202. 21я73

Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің «Музыка және спорт» кафедрасының оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған

Оқу бағдарламаның авторлары:

Кешубаева С. А. - Семей қаласы, №5 «Бала әлемі» ясли-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның музыка жетекшісі

Шыныбаева А.С. - №5 «Бала әлемі» ясли-бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның тәрбиешісі

Пікір жазған: Султанова Н.К. – Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті КЕАҚ «Өнер және музыка» кафедрасының п.ғ.к., доцент, Қазақстанның ПҒА академигі

Вариативтік компонент «Өнерпаздар әлемі» авторлық бағдарлама/ Семей, 2021ж.

Бұл **Вариативтік компонент «Өнерпаздар әлемі» авторлық бағдарлама** кіші мектеп жасындағы оқушылардың тұлғасын қалыптастыруда музыкаға деген сүйіспеншілік пен құштарлықты тәрбиелеу, балаларды алуан түрлі музыкалық шығармалармен таныстырып музыканың ең қарапайым түрлерімен таныстыру, эмоциялық әсер алғыштығын, қабілеттерін, дыбыстарды айыра білуін, ырғақты сезуін, музыкалық шығармалардың табиғи және әсерлі орындалуын қадағалауымен қатар балалардың музыка сырын танып білуге, ой- өрісін дамытуға, шығармашылық қабілетін жетілдіруге, музыкалық ырғақтарды сезінуге, әуенді тыңдай білуге, би ырғақтарын дұрыс орындай білуге арналған авторлық тағылымды жинақ.

Аталған авторлық бағдарлама мектепке дейінгі ұжымдарға, жаңашылдыққа жол ізденуші барлық оқырмандарға, жалпы музыка сүйер қалың қауымға арналған.

УДК 372.4 (075.8)
ББК 74.202. 21я73

№5 «Бала әлемі» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның педагогтары Кешубаева Самал Айдаровна мен Шыныбаева Анаргуль Серикановнаның шығармашылық білім беру саласы бойынша музыка бөліміне қосымша «Өнерпаздар әлемі» атты мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған авторлық бағдарламаға

ПІКІР

Адамзаттың сан ғасырлық серігі болып келген музыка өнерінің тәлім-тәрбиеде алатын орнын, әсер-ықпалын, қоғам мен мәдениеттің дамуы процесінде қалыптасқан әлеуметтік, музыкалық-педагогикалық тәжірибені ой елегінен өткізіп, таразылау оның қалыптасып, даму кезеңдерін қарастырутыруға тікелей байланысты.

Олай болса, Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектепке дейінгі тәрбиенің алатын орны айрықша.

Жоғарыда аталған авторлар музыка ұйымдастырылған оқу қызметіне авторлық бағдарлама ұсынылып отырған «Өнерпаздар әлемі» вариативтік бөлімі, мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, ортаңғы топ балаларын тәрбилеу мен оқытуға арналған авторлық құрал болып табылады. «Шығармашылық» білім беру саласы «Музыка» бөліміне негізделген авторлық бағдарлама 18 сағатты құрайды. Авторлық бағдарламада берілген тақырыптар бағдарламаға сай құрастырылған. Музыкалық білім берудің ортаңғы топқа арналған мақсаты айқын көрсетілген. Баланың естіп, байқап көруіне, музыка сазын сезінуіне, емін-еркін қозғалуына барлық жағдайлар жасалып, музыкалық – шығармашылық іс-әрекеттің қарапайым іскерліктері мен дағдылары көрсетілген. Бұл «Өнерпаздар әлемі» авторлық бағдарламасында , баланы музыка әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қоршаған әлемнің шындығын музыка арқылы түйсіндіру мен жеткізу жұмыстарын орындау міндеттелген.

Аталмыш авторлық бағдарлама - балалардың музыка сырын танып білуге, ой-өрісін дамытуға, шығармашылық қабілетін жетілдіруге, музыкалық ырғақтарды сезінуге, әуенді тыңдай білуге, би ырғақтарын дұрыс орындай білуге арналған авторлық тағылымды жинақ.

Қорытындылай келе, №5 «Бала әлемі»бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның педагогтары Кешубаева Самал Айдаровна мен Шыныбаева Анаргуль Серикановнаның шығармашылық білім беру саласы бойынша бөлімі музыкадан «Өнерпаздар әлемі» атты мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған авторлық бағдарламаны қазіргі заманғы музыкатану ғылымына өте қажет дей келе, барлық талаптарға сай болғандықтан баспаға ұсынамын.

КЕАҚ Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті Өнер және музыка» кафедрасының п.ғ.к., доцент, Қазақстанның ПҒА академигі **Султанова Н.К.**

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ БӨЛІМІ

_____ қолын растаймын
Персоналды басқару және ҚАБ басшысы
"22" 11 2024 ж.

Алғы сөз

XXI ғасырда жаңа білім беру парадигмаларының енуіне байланысты күрделі тапсырмаларды шешуге қабілетті, өнімді ойлау мен белсенді қиялдауға бейім шығармашыл тұлға дамыту талабы өсе түсуде. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, әрбір адам бұл өзгерістерді дұрыс қабылдап, тиісінше, өз шығармашылық әлеуетін үнемі белсендіріп отыруы тиіс.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Ұлттық кеңестің мәжілісінде жасаған баяндамасында «Мәдени мұраларды жүйелеп, оларды қалпына келтіру, сақтау, одан әрі дамыту ісіне кең көлемде білек түре кірісетін кез келді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманат ету – «Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты болуы тиіс» - деп, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық мәдени мұраның мүмкіндігі мен мақсатын айқындап берген болатын. Осыған байланысты қазіргі уақытта қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытудың білімдік, тәрбиелік маңызы бұрынғыдан да арта түсуде. Оларға «Білім туралы заң», «Қазақстан республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы», «қазақстан республикасы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы» сияқты мемлекеттік құжаттарға айрықша көңіл бөлген. Музыкалық білім мен тәрбие беру адамзат өркениетінің ең терең тамырларынан бастау алады. Адамзаттың сан ғасырлық серігі болып келген музыка өнерінің тәлім-тәрбиеде алатын орнын, әсер-ықпалын, қоғам мен мәдениеттің дамуы процесінде қалыптасқан әлеуметтік, музыкалық-педагогикалық тәжірибені ой елегінен өткізіп, таразылау оның қалыптасып, даму кезеңдерін қарастырутыруға тікелей байланысты.

Музыкалық білім мен тәрбие беру адамзат өркениетінің ең терең тамырларынан бастау алады. Адамзаттың сан ғасырлық серігі болып келген музыка өнерінің тәлім-тәрбие алатын орнын, әсер-ықпалын, қоғам мен мәдениеттің дамуы процесінде қалыптасқан әлеуметтік, музыкалық-педагогикалық тәжірбиені ой елегінен өткізіп, таразылау оның қалыптасып, даму кезеңдерін қарастыруға тікелей байланысты.

Музыкатану, музыкалық білім саласындағы әдебиеттерде Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңнің өзінде қазақ даласында музыка өнеріне баулу, кәсіби шыңдау бойынша едәуір тәжірбие қалыптасқандағы мазмұндалған. Сазгерлікке, әншілікке, күйшілікке баулу отбасында, жастардың сауық-сайранында, мейрамдарда немес арнайы кәсіби білім беру мектептерінде жүзеге асырылып келген. Одан кейінгі кезеңдерде Қазақстандағы музыкалық білім беру жұмысы бұрынғы Одақ көлемінде жүзеге асырылды. Осы музыкалық білім беру педагогикасының дамуы мен қалыптасуына Б.Т.Лихачев, И.П.Подласый, П.И.Пидкасистый, В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев, И.Ф.Харламов, В.В.Воронов, О.А. Апраксина, Д.Н. Зарин, В.Н.Шацкая, Б.В.Асафьев, Д.Б.Кабалевский, Э.Б.Абдуллин, А.Н.Сохор т.б. зор еңбек еткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды музыкаға тәрбиелеуде, көптеген құралдар мен ғылыми еңбектерді жинақтаушы, балалар бақшаларының белді

музыкалық жетекшілері Н.А. Ветлугина, И.Л. Дзержинская, Е.Н. Соковнина, Т.П. Ломова, В.К. Колосова, С.И.Бекина, Е.Н. Квитницкая, Е.П. Иова т.б. ғалымдар аянбай еткен.

Көркемдік-тәрбие ғылыми-зерттеу институтының қызметкерлері Ресейдегі музыкалық білім беру әдістемесінің тарихы (Д.Л.Локшин, О.А.Апраксина), мектепке дейінгі музыкалық тәрбие дамуы (Н.А.Ветлугина), балалар дауысын қорғау (Н.Д.Орлова, В.А.Багадуров), музыканы тыңдау процесінде музыканы қабылдау проблемалары (Н.В. Шацкая, Н.Л.Грозденская) т.б. ғалымдар кең көлемді зерттеулер жүргізіп, зерттеу нәтижелерін өздері тікелей сабақ беретін педагогика ғылымдары академиясының мектептерінде тексеруден өткізді. Солардың қатарында ғылыми ізденіс жетістіктерін практикада іс жүзінде жүзеге асырушы Н.Л.Грозденская болды. Аса дарынды педагог өзінің «Школьники слушают музыку» 1969 жылғы атты еңбектерінде оқушылардың музыканы қабылдау және музыканы тыңдау мәдениетін қалыптастыру процесіне жан-жақты сипаттама берген. Сонымен бірге оның алғаш рет ән сабағын біртұтас процесс ретінде қарастыруы оның музыкалық білім беру педагогикасына қосқан үлкен үлесі, ғылыми жетістігі еді.

Қазақстан Республикасы егеменді ел болғалы ғылым, мәдениет салаларында жасалып жатқан шаралардың барлығы – жастарға жалпы адамзаттық және ұлттық игіліктер негізінде тәрбие мен білім беру ісін неғұрлым жоғары деңгейде көтеруге ықпал етуде. Тәуелсіздік алып, еліміздің егемендігі жүзеге асып, қоғамдық өмірді демократияландыру және ізгілендіру басталған кезде ұлттық ерекшелігімізді айқындайтын рухани мәдениетімізді жетілдіру қажеттілігі туындап отыр. Отаршылдық езгісі әсер еткен ұлттық менталитетімізді қалпына келтіріп нығайту және өркениетті елдер қауымдастығының ортасынан орын алу – ұлттық мемлекетіміздің қалыптасуымыздың басты алғы шарттарының бірі екенін ұмытпағанымыз жөн. Рухани мәдениетіміздің тарихына айрықша назар аударатынымыздың себебі де осы. Бұл процеске қоғамтанушы ғылымдармен қатар тарихшылар, филологтар, философтар, психологтар сонымен қатар, педагогтар мен музыканттар да ат салысуда. Бәрінің мақсаты – тамыры тереңде жатқан ұлттық өзіндік философиялық ой-сананың ерте дәуірден күні бүгінге дейінгі тарихына ой жүгірту, оның дамуына өзіндік үлес қосу. Қазір ұлттық сананың көтерілуіне байланысты тарихтың «ақтаңдақтар» беті ашылып, рухани байлықтарымыздың өзіндік мәдениетімізге жаңаша көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік туып отыр. Өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау – жалпыұлттық бірлігіміздің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік болмысы қалыптасуының, оның егемендігін нығайтудың, азаматтық пен отаншылдықтың, ұлттық сананы тәрбиелеудің ең басты факторларының бірі. Тарих – халықтың зердесі, ол содан сусын алады. Сол себептен өткен заман оқиғаларының баяндағанда, тек елдің саяси тарихын, маңдай алды саясаткерлердің қызметін әңгімелеумен шектеліп қана қоймай, сонымен бірге рухани және материалдық мәдениет тарихын әр салада жан-жақты тлық зерттеген дұрыс.

Елімізде білім беру, жас ұрпақты тәрбиелеу мәселелері саласында түбегейлі, шұғыл бетбұрыстар жасалып жатқаны белгілі. Тәуелсіздік туын

тіккен жас мемлекетіміздің болашағына тұтқа болар білімді де білгір, білікті азаматтар даярлау – бүгінгі күннің келелі мақсаттарының бірі. Сондықтан да мектептердегі оқу- тәрбие жұмыстары мен педагогикалық ғылым жүйесінде бұрыннан жинақталған мол тәжірибелердің тиімді жақтарын сұрыптай пайдалана отырып, қазіргі қоғамдық - әлеуметтік үрдістерге сай, жаңаша түсінік - таныммен жан-жақты білім беру, келешектің әмбебап маман мұрагерлерін дайындау міндеті қойылып отыр.

Осындай мақсаттағы кең көлемді бағдарламалық жоспарлар өз кезегінде оқу - тәрбие жұмыстарын жүргізуге де үлкен өзгерістер енгізіп, мектеп мұғалімдері қызметінің ауқымын арттырып, олардың ұстаздық шеберлік деңгейінің аса жоғары болуын талап етуде. Соған байланысты әр салада жеке пәндер бойынша жаңа бағдарламалар енгізіліп, оқу құралдарын жаңаша бағытта қайта түзу қажеттігінің туғандығы да заңды құбылыс.

Ұсынылып отырған Вариативтік компонент «Өнерпаздар әлемі» атты авторлық бағдарлама мектепке дейінгі орта жастағы балаларды оқытуға арналған музыка ұйымдастырылған оқу-қызметі топтамасы жинақталған. Мектепке дейінгі орта топ жастағы балаларын музыка әлемімен танысу, оны сезіну арқылы бүлдіршіннің эстетикалық талғамы болады, шығармашылық қасиеттерін жан-жақты дамыту, музыкаға деген қызығушылықтарын ояту,аспатардың үнің ажырата білуге, ертегі кейіпкерлерін сомдау, музыкалық-дидактикалық ойын арқылы әуеннің тембрлік үнің ажырата білуге қолданудың маңызы зор. Мектеп алды орта топ балаларының музыкалық қабылдауын, таныс шығармаларды әуенінен тану және есте сақтауын дамыту, музыка тыңдауға, ән үйренуге ынталық қалыптастыру, музыкалық шығармаларды тыңдату арқылы олардың балдырғандарға әсерін арттыру, балалардың музыка туралы ең қарапайым ұғымдарын қалыптастыру құрал болып табылатына көз жеткізуге болады.

Ал болашақ музыка мамандарына, сонымен қоса бала-бақшадағы музыкалық білім тәрбиесі мен әдістемесі бойынша және ауылды аймақтағы мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мамандығы бойынша музыка жетекшілерінің бүгінгі заман сұранысына сай даярлау бағытында ғылыми негізделген ой тұжырымдарымызды жинақтап ұсынып отырмыз.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОРТА ТОП ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРҒА МУЗЫКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Мақсаты: мектепке дейінгі орта топ жастағы балалардың музыкаға қызығушылығын, музыкалық әрекеттің әр түріне эмоционалдық қарым-қатынасын білдіруге талпынысын қалыптастыру.

Міндеттері:

- қарапайым табиғи дауыспен күш түсірмей, сазды ән салуға, музыкалық аспаптар мен ойыншықтардың дауыстарын естуге үйрету;
- би қимылдары мен музыкалық ойын әрекеттерін орындауға ынталандыру.

Мазмұны:

1 Музыка тыңдау

Музыкалық шығармаларға эмоционалдық қатынасын тәрбиелеу. Музыкалық ойыншықтар мен сылдырмақтардың (қоңырау, асатаяқ, т.б.) дыбыстарын ажырата білу дағдысын қалыптастыру. Әнде не туралы айтылғанын әңгімелеп беруге үйрету.

2 Ән айту

Таза дыбыстау, созып айту, бірге және жеке айту дағдыларын қалыптастыру. Дыбысталу күші бірдей бір қарқынды ән айтуға үйрету (қатты-жай). Түрлі сипаттағы әндерді орындауда қолдану.

Табиғи дауыспен әннің сөздерін күш түсірмей айтуға, музыкалық фразалар арасында дем алуға, әнді бірге бастап, бірге аяқтауға, әуенін дұрыс бере білуге үйрету. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз педагогтің көмегімен бірінші октаваның ре-ля диапазонында айтуға үйрету. Дыбыстарды биіктігі бойынша ажыратып (октава шеңберінде), басталуы мен аяқталуына әсер ету.

Музыканың түрлі бөлімдерін атамай ажырата білуін дамыту (басы, қайырмасы, т.б.).

3 Музыкалық-ырғақтық қимылдар (жаттығулар, ойындар, қол ұстасып шеңберде айтылатын әндер, билер).

Музыканың би әуенін сезініп, қарапайым би қимылдарының элементтерін (шапалақтар, топылдату, отырулар, бұрылулар) орындауға үйрету. Музыка әуеніне сәйкес қимылдарды ауыстыруға, шығарманың аяқталуын сезуге, жаттығуларда, ойындарда, ән айту шеңберлері мен билерде музыка әуенімен қимылдарды үйлестіруге тырысу іскерліктерін дамыту.

Құрастырғандар: С.А. Кешубаева, А.С. Шыныбаева

Ұйымдастырылған оқу-қызметінің тақырыптары

1 «Балабақша».....

2 «Мен бақшаға барамын».....

3 «Жомарт күз».....

4 «Жау-жау жаңбыр».....

5 «Менің отбасым.....

6 «Бағдаршам».....

7 «Алақай қыс келді».....

8 **«**Қазақстаным, Отаным».....

9 **«**Аязата, Қаршақыз».....

10 «Ертегілер елінде».....

11 «Менің сүйікті ойыншықтарым».....

12 «Менің сүйікті қуыршағым».....

13 «Айналайын, анашым**».....**

14 «Наурыз- мереке».....

15 «Сылдырмақ».....

16 «Көктемгі қоңыраулар».....

17 «Ағайынбыз бәріміз».....

18 «Біз өмірдің гүліміз».....

№ 1 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Балабақша»
Мақсаты	балаларды музыкалық аспаптар түрлерімен таныстыру. музыка сипатына қимылмен жауап беруге үйрету. Музыкалық ойыншық аспаптардан сылдырмақтың дыбыс шығаруын ажырату, әннің сөздерін анық, нақты түсініп орындауға, бір бірінің тыңдауға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс	Балабақша-детский-сад, сылдырмақ-погремушка.
Болжамды нәтиже	**Білу керек:** Марш ырғағымен адымдап жүруді, айналуды, көппен бірге әнге қосылуды.
	Қалыптасқан әдет жылдам және жай әуендерді ажыратуды, әр түрлі сипаттағы әндерді әуенімен хормен айтуды.
	Істей біледі сылдырмақты ырғақпен сілкіп, қозғап ойнай алуды, ауыспалы әуенді тыңдай біледі.
Көрнекілік материалдар	музыкалық аспаптар суреттері, түрлі-түсті картоннан жасалған моншақтар.
Үлестірмелі материалдар	бала саны бойынша сылдырмақтар. Түсі,өлшемі,пішіні бойынша алыстыруға арналған әр түрлі ойыншықтар.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезең**
1.1.	Балалар музыка залына Т.Ломовойдың марш әуенімен залға бір-бірінің артынан, қолдарын белге қойып марш ырғағымен адымдап залды айнала жүреді.
1.2.	Марш әуені тоқтаған кезде балалар әдемі шеңбер бойымен тұрады.
1.3.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар. -Сәлеметсіз бе! (*Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады*)
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты-қимылдар «Сылдырмақ» (**музыкасы А.Тоқсанбаев, сөзі И.Сапарбай) -Сылдырмақты оң қолдарына аласыңдар, әніннің ырғағына сылдырмақты сылдырлатасыңдар. Әннің соңғы шумағында сылдырмақты жерге қойып, қолдарынмен беттерінді жабасыңдар. *(балалар сылдырмақты оң қолдарына алып, әнің ырғағына сылдырмақты сылдырлатады, әннің соңғы шумағында сылдырмақтарын жерге қойып, қолдарымен беттерін жабады***)**

2.2.	**Музыка тыңдау Ән «**Балабақша**»** (Бота Бейсенова) **Сұрақ- жауап** - Балалар әннің көңіл күйі қандай? *(көңілді, көтеріңкі)* -Әнді орындайтын адамды кім дейміз? *(әнші)* *(Әуен мен сөздің үйлесуімен ән пайда болатыны жөніндегі түсініктерін пысықтайды*) Қазір бір бала өзі білетін әннің әуенін ля - ля буыны арқылы орындауға, екінші бала сөзін тақпақтап айтуға ортаға шықатын болады. *(балалар ортаға шығып берілген тапсырмаларды мұқият орындайды)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** «Музыкалық баспалдақ» Балалар, ән айтар алдында дауысымызды қалыпқа келтіріп алуымыз керек. *(балалар музыка жетекшісінің көмегімен дауыс қыздыру жаттығуын орындайды)* *(Балалардың жаттығуларды орындауда бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беруіміз керек)*
2.4	**Ән айту «Балабақша»** (Бота Бейсенова). -Балалар әнді нақышына келтіріп орындаймыз, сөзін жаттап жаттыққан соң, би қимылдарын үйлестіре әнді айтатын боламыз. *(Балалар әнді музыка жетекшісімен бірге қосылып айтып, би қимылдарын үйлестіреді)*
2.5	**Сергіту сәті** «Бала,бала,балапан» Бала, бала балапан, *(балалар пружинка жасап тұрады)* Қане қайсы алақан. *(алақандарын көрсетеді)* Саусақтары әйбәт, *(саусақтарын қимылдатады)* Былай былай ойнақ *(балалар шеңберде тұрып, әнің сөзіне қарай іс-қимыл жасайды)* *Қайырмасы* Бір қадам алға басамыз, *(алдыға бір қадам басады)* Аяқпенен топ-топ. *(аяқтарын тоқылдатады)* Бір қадам артқа басамыз, *(артқа бір қадам басады)* Алақанмен соқ, соқ, соқ. *(қолдарынымен шапалақ соғады)*
2.6	**Ойын** «Музыкалық моншақтар» *Педагог ойын шартын түсіндіреді.* *Балалардың қалауы бойынша ойын ойнау.*
3. Қорытынды.	Шеңберге тұру балаларға мадақ айту Қол ұстасып бәріміз, жарасады сәніміз. Көріскенше күн жақсы, сау болайық бәріміз.

№ 2 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Мен бақшаға барамын»
Мақсаты	Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру,сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға, түрлі балаларға, балабақша арналған әндерді тыңдауға, бірдей қарқынды ән салуға. Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету.
Сөздік жұмыс.	Балабақша,-детский сад, тәрбиеші-воспитатель
Болжамды нәтиже	**Білу керек** Сүйікті балабақшалары туралы біледі
	Қалыптасқан әдет Көңілді, көңілсіз, өкпелеу, достастық деген түсініктерді игерген
	Істей біледі Би қимылдары арқылы өкпелеу, татуласу қимылдарын орындайды.
Көрнекілік материалдар	Балабақша өмірі туралы суреттер, қорап
Үлестірмелі материалдар	Төрт ашпалы терезелердің ішінде музыканың түрлері бейнеленген суреттер.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезең**
1.1.	**«Қазақ маршы»** (А.Затаевич)ойналып,балаларға марш екпінін сезіне шеңбер бойымен жүруді ұсынады. Ән тыңдап тамаша, *(мұқият тыңдайды)* Әуенге ілесіп, *(әуенге ілесіп жүру)* Түрленіп,иіліп, *(орындарында тұрып иледі)* Билейік,жараса! *(қол ұстасып айналады)* *(Балалар Марш әуені тоқталған кезде жарты шеңбер құрып орындарына тұрады)*
1.2.	**Сәлемдесу**. -Сәлеметсіңдер ме, балалар -Сәлеметсіз бе! *(Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер:** Жарқырап күн де ашылды, *(күнге қарап қолдарын созады)* Айналаға гүл шашылды. *(қолдарын жанына ашады)* Қайырлы күн! *(бір-біріне қарап күлімдеп қарайды)* Біз көңілді баламыз! *(балалар бір-біріне қарап жымияды)* Қайырлы күн! *(бір-біріне қарап күлімдеп қарайды)* Біз сүйкімді баламыз. *(қолдарымен беттерінен ұстайды)* *(Балалар Марш әуені қосылған кезде жарты жеңберден үлкен шаттық шенберін құрады)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты-қимылдар: «Топ,топ балақан»**

	(Балалар әннің сөзіне қарай музыкалық ырғақты қимылдар жасайды)
2.2.	**Музыка тыңдау «***Сәби қуанышы***»** (Е.Құсайынов) Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі: -Біз балабақшада не істейміз? *(білім аламыз, ойнаймыз)* -Балабақша сендерге ұнай ма? (*Иә*) -Балалар тыңдаған әндерін көңілді ме, көңілсіз бе? *(көңілді)* -Осы тыңдалған әнімізге қандай іс- қимыл жасауға болады? *(Балалар тапсырманы мұқият орындайды)*
2.3	**Дем алу жаттығуы «Гүлдерді иіскейік»** *(Балалар гүлдер арқылы дем алу жаттығуларын орындайды)* **Дауыс қыздыру жаттығуы «**Музыкалық баспалдақ**»** *(балалар музыка жетекшісінің көмегімен дауыс қыздыру жаттығуын орындайды)*
2.4	**Ән айту «Балабақшаға барамын»** *(музыкасын жазған Ө.Байділдаев, сөзін жазған К.Сүлейменов).* Әнді алдымен музыка жетекшісі орындап береді. -Тыңдалған әндерін не жайында айтылған? *(балабақша)* -Бала бақша сендерге ұнай ма? *(Иә)* *(Өткен әндерді қайталау. Ән айту кезінде иықты көтермей, денені тік ұстап айтуға дағдыландыру)*
2.5	**Сергіту сәті:** Бойыңды сергек тік ұста, *(бойларын тік ұстайды)* Емін –еркін тыныста. *(еркін тыныстайды)* Деміңді ішке тез алда, *(терең дем алады)* Сол қолыңды соз алға. *(сол қолдарын созады)* Қол ұшына қара да, *(қолдарына қарайды)* Үшбұрыш сыз ауада. *(ауада қолдарымен ұшбұрыш сызады)* Оң қол да бос тұрмасын, *(оң қолдарын көрсетеді)* Шеңбер жасап зырласын. *(шеңбер айнала жүгіреді)* *(балалар шеңберде тұрып, әнің сөзіне қарай іс-қимыл жасайды)*
2.6	**Ойын «**Музыкалық үй» Педагог ойын шартын түсіндіреді. *(Ойын арқылы ұқыптылыққа үйретеді)*
3. Қорытынды.	Қорытындылау, мақтау, бағалау. Қуана қоштасып, әуен ырғағымен музыка залынан шығады.

№ 3 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Жомарт күз»
Мақсаты	Балаларға күзгі табиғаттағы ерекшеліктері туралы түсінік беру. Күзгі табиғат ерекшеліктерін көре білуге үйрету. Эстетикалық тәрбие беру Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Күз туралы жұмбақтарды жасыра отырып,балаларды табиғатты аялауға тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	күз –осень, жапырақ-листья
Болжамды нәтиже	**Білу керек** күз мезгілінің байлығын, жомарттығын, табиғаттың жағымды, жағымсыз пайдалы, зиянды кезеңдерін
	Қалыптасқан әдет «Алақай ау алақай әннің қайталап отырып жаттап алуды игереді
	Істей біледі әнді динамикалық белгілеріне сай айта алады, ән әуенін тыңдап, мазмұнын әңгімелейді.
Көрнекілік материалдар	Күз мезгілінің суреттері, бақшадағы көкөністер, баудағы жемістер суреттері.
Үлестірмелі материалдар	Бала санына байланысты түрлі-түсті жапырақтар, «жемістер» суреттері
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезең**
1.1.	**«Марш»** (М.Раухвергер) *ойналып, балалардың ырғақпен нық басып жүрулерін сұрайды.* Нық басып келеміз, *(адымдап жүреді)* Бір, екі, үш! *(балалар бірге қосылып айтады)* Көңілді жүреміз, *(көңілденіп жүреді)* Бір, екі, үш! – *(деп әндетіп, балаларды қосылып айтуға икемдейді)*
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар!? **Балалар:**Қайырлы таң ұстазым, Қайырлы таң достарым. Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық *(Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер.** **Балалар:**Алақанды ашайық, *(алақандарын ашады)* Күннің нұрын салайық. *(қолдарын жоғары көтереді)* Жүрек жылуын салайық, *(қолдарымен жүрекше көрсетеді)* Осы жақсы лебіздерді, *(балалар бір-біріне қарап жымияды)* Балаларға сыйлайық. *(Балалар шеңберде тұрып орындайды)*
2 .Негізгі бөлім	

2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар: «**Күзгі жапырақтар**»** - Балалар,сендерді күзгі жапырақтармен билеуге шақырамын. Алтын сары, қызыл, көк *(қолдарындағы жапырақтарымен шеңбер айналады)* Алуан-алуан жапырақ *(жапырақтарды көресетеді)* Күзгі бақта күлімдеп, *(бір-біріне қарап күлімсірейді)* Көз тартады атырап. *(айналаға қарайды)* **«Күзгі вальс»** (Бота Бейсенова)музыкасын,сөзін жазған. *(балалар әнді мқұият тыңдап, би- қимылдарын үйлестіріп орындайды)*
2.2.	**Музыка тыңдау** **Ән** «Алтын күз» **(**Бота Бейсенова) Сұрақ-жауап. -Балалар тыңдаған әніміз қандай көңіл күйді білдіреді? *(көтеріңкі)* -Әніміз жылдың қай мезгіліне арналған? *(Күз)* -Мұқият тыңдайықшы *(Балалар әнді мұқият тыңдап әуеннің қандай көңіл күйде айтылған айтады)*
2.3	**Дауыс жаттығуы** «Күз» Жапырақтар сап-сары, *(жапырақтарды қолдарына алады)* Көңілденіп ұшады. *(жапырақты үрлейді)* Күздің күні сыбдырлап, Самал жел соғады. *(терең дем алады)* -Балалар әдеттегідей ән айтар алдында дауыстарын қалыпқа келтіріп, дем алу жаттығуларын орындайды. *(Балалар жаттығуларды дұрыс орындауға бейімделеді)*
2.4	**Ән айту «Алақай ау алақай күз келді»** Балаларға әнді орындап көрсету, түсіндіру. -Балалар әнді аспап сүйемелдеуімен орташа екпінде екенін айтамыз. -музыка екпініне ілесе білуге үйренеміз. -Ән мәтінін таза, түсінікті етіп айтуымыз керек. (*Балалар жаңа әнмен танысады. Жетекшіге ілесе үйренеді. Әнді музыка аспабының сүйемелдеуімен айтады*)
2.5	**Сергіту сәті:** -Ал енді бойымызды сергітіп алайық. Тербеледі ағаштар, *(қолдарын тербейді)* Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай ағаштар, *(шеңберде отырады)* Үп-үлкен боп өседі. *(шеңберде тұрады)* *(балалар шеңберде тұрып, әнің сөзіне қарай іс-қимыл жасайды)*
2.6	**Ойын:** «Музыкалық жұмбақ»**»** Педагог ойын шартын түсінеді
3. Қорытынды.	Педагог балаларды мадақтайды.Өткен тақырыпты қортындылайды -Күз мезгілінде қандай құбылыстар болады. -Күз мезгілін неге жомарт күз дейміз.

	(Балалар саппен музыка әуенімен жүріп, залдан шығып кетеді)

№ 4 –шы ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Жау-жау жаңбыр»
Мақсаты	ән, музыка арқылы күз көріністерін сезіне білуге, күз құбылыстарын ажырата білуге үйрету. **ө**леңнің, бидің, ойынның өзгешелігіне және мазмұнына ықыласын білдіруге талаптандыру. музыкалық – қозғалыс ұғымдарын дамыту. Эстетикалық тәрбие беру балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.
Сөздік жұмыс.	жаңбыр-дождь, тамшы-капель,
Болжамды нәтиже	**Білу керек** күз құбылыстарын білу керек.
	Қалыптасқан әдет музыкаға ілесіп, ырғақпен аспапта ойнау дағдыларын меңгереді.
	Істей біледі музыканы тыңдауды, есте сақтауды, әнді сүйемелдеумен ілесе айтуды**.**
Көрнекілік материалдар	шатыр, күн, бұлт, күз, шуақтар, таяқшалар.күз бейнеленген суреттер.
Үлестірмелі материалдар	Бала санына байланысты жаңбыр тамшылары, күн бейнеленген суреттер
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезең**
1.1.	Балаларды «Сәлем, сәлем балақай» әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жүріп қатарласыптұруды,әуенге қосыла айтуды үйрету. Балалар әуенді тыңдай жүріп залға кіреді,жүреді, қатарға тұраы. Әуеннің сәәлем келеміз, алақай сөздерін айтуға тырысады.
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар!? **Балалар:**Қайырлы таң ұстазым, Қайырлы таң достарым. Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық *(Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер.** Күзім- ау, күзім -ау, *(қолдарын алдыға созады)* Мінезің бұзық- ау. *(саусақтарын сұғып көрсетеді)* Жаңбырың сіркіреп, *(Тамшылардың тамғаның көрсетеді)* Келгенің қызық- ау. (*бастарын шайқайды)* *(Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау)*
2 .Негізгі бөлім	

2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар:** «Қолшатыр» -Балалар назарларынды маған аударып, музыкалық ырғақты-қимылдарды дұрыс жасауға тырысыңдар. *Балалар музыкалық ырғақты-қимылдары дұрыс нақты жасауға тырысады.*
2.2.	**Музыка тыңдау*:*** «Жау-жау жаңбыр» Сұрақ-жауап. - Тыңдаған әндерін не жайында айтылған? *(Жаңбыр)* -Күзде қандай құбылыстар болады? *(Жаңбыр жауады,күн суытады)* -Мұқият тыңдайықшы? -Тамшылар қандай құбылыс кезінде болады? *(күн бұлттап,жаңбыр жауған кезде)* *(Балалар әнді мұқият тыңдап әуеннің қандай көңіл күйде айтылған айтады)* - Өте жақсы балалар, дұрыс жауап бердіңдер, ***Өлеңі:*** Ш.Сариев. ***Әнін***: К. Дүйсенеев Алатаудың бауырында, Атам әжем ауылында. Ақша бұлттар, ауа берші, Жау-жау, жаңбыр, жауа берші. Қ-сы Бақыт блып жаушы, жаңбыр, Менің әсем қалама. Бақыт болып жаушы, жаңбыр, Менің әсем қалама. Менің байтақ далама. Алматыдай астанама, Жасыл желек жас қалама. Бұлттар, бұлттар ауа берші, Жау-жау, жаңбыр, жауа берші. Қ-сы *(Балалар күз туралы білгендерін әңгімелеп беруге тырысады. Әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орай жауап береді. Балалар аспаппен танысып, қолдарына алып қызықтап, әуенге ілесіп, ырғақпен ойнауға тырысады)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** -Балалар әдеттегідей ән айтар алдында дауысысымды қалыпқа келтіріп, дем алу жаттығуларын жасайық. *(Балалар жаттығуларды дұрыс орындауға бейімделеді)* **Жұмбақ жасыру.** -Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай, Көл-көсір су не деген? *(Жаңбыр)* *(Балалар жұмбақтың шешуін тауып айтады)*

2.4	**Ән айту*:* «Жау,жау жаңбыр»** Балаларға әнді орындап көрсету, -Әнді музыка жетекшісі айтып береді. *(Әннің мәтінін талдап, әуенімен қосылып үйренеді. Өткен әуендерді қайталайды. Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір- бірін тыңдап орындау)*
2.5	**Музыкалық аспапта ойнау:** «Жау-жау, жаңбыр» *металлофон аспабы* (*Балалар кезекпен шығып, әуенге ілесіп, жаңбыр», ырғақпен сілкілеп ойнайды)*
2.6	**Ойын*:* «**Жау, жаңбыр**»** (Т.Сарыбаева) *(М.Глинка) әуені ойналып, балаларға жүгіріп, секіруге еркіндік беріледі. Ойын екі рет қайталанады.*
3. Қорытынды.	-балалар, біз қандай жыл мезгілдері туралы айттық? -Жаңбыр бізге не үшін керек? -Жаңбырдың қандай пайдасы бар? -Қандай аспаппен таныстық? Қорытындылау. Жалпы іс-әрекеттен алған әсерлерін айтуға тырысады.

№ 5 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Менің отбасым»
Мақсаты	Отбасы мүшелерін атауға, білуге үйрету, отбасы мүшелеріне деген сүйіспеншіліктерін ән айту арқылы жеткізуге тырысу. Музыкалық–қозғалыстық түсініктерін байыту. Отбасына байланысты репертуардың бірыңғай музыкалық-эстетикалық қабылдауын дамыту. өзіндік жұмыста ойындарды, хороводтарды қолдану ықыласын тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс	Отбасы-семья, алақан-ладошка
Болжамды нәтиже	**Білу керек** Отбасы мүшелерін: әжесін, атасын, әке-шешесін
	Қалыптасқан әдет Отбасы деген түсінікті.
	Істей біледі Би қимылындағы тұрмыстық қимылдарды көрсету дағдыларын.
Көрнекілік материалдар	Отбасы бейнеленген суреттер.
Үлестірмелі материалдар	отбасы мүшелерінің жеке бейнелеген суреттері.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезең**
1.1.	Балаларды «Біз бақытты баламыз» әнімен музыка залында әже болып киінген музыка жетекшісі балаларды күтіп алады. Оларға

	дөңгелек үстел үстіне бауырсақ қояды. Әже балалармен амандасады.
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар! **Балалар:** Сәлеметсіз бе! *(Фортпиано аспабы арқылы амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер:** “Қайырлы күн” деп айтамыз, Түсте бірге қайтамыз. *(адымдап орындарында жүреді)* Отбасының гүліміз, Көңілді өтер күніміз. Үлкегеде сіз, Кішіге де сіз. Баршаңызға құрметпен, Бас иеміз біз**.** *(бастарын иеді)* *(Балалар әуен қосылғанда шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасайды)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар** «Топ-топ, балақан» (музыкасын жазған М.Арынбаев, сөзін жазған А.Асылбек) *(Әннің сөзіне қарай би-қимылдарын орындайды)*
2.2.	**Музыка тыңдау: Ән** «Ата-ананы тыңдаймыз» әні,сөзі Бота Бейсенова Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі -Балалар,тыңдаған әндерін кімдерге арналған екен? *(Ата-анаға)* -Отбасында неше адам тұрады *(әр түрлі жауап)* *(Балалар әнді мұқият тыңдайды, ата-анаға арналып айтылғанын түсінеді)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** Балалар фотрепиано аспабы арқылы лю,лю,лю,лю,лю жаттығуын айтып, дауыстарын жаттықтырыды.
2.4	**Ән айту:Ән** «Балапан» *Музыка жетекшісі әнді алдымен өзі орындап береді.* *Мәтінін қайталап, әуенге қосылып үйретеді.*
2.5	**Санамақ «Менің отбасым ең...»** Санамақ айтып, көңілденуге шақырады. Кел, санамақ санайық, *(сауксақтарымен санайды)* Саусақтарды даралап. *(саусақтарын көрсетеді)* Бір үйде біз нешеуміз? Кел, санайық екеуміз. *(бір-біріне қарайды)* Бас саусағым – атам, *(бас саусағын көрсетеді)* Балаң үйрек – әжем, *(балаң саусағын көрсетеді)* Ортан терек – әкем, *(ортаңғы саусағын көрсетеді)*

	Шылдыр шүмек –анам *(төртінші саусағын көрсетеді)* Титтей бөбек – мен. *(кішкене саусағын көрсетеді)* *(Балалар саусақ қимылы арқылы өз отбасы мүшелерін атап айтып береді)*
2.6	**Ойын «**Ойлан тап» Педагог ойынның шартын түсіндіреді.
3. Қорытынды.	-Балалар бүгін біз кімдер туралы айттық? -Ал, сендер өз отбасыларыңды қандай отбасы деп ойлайсыңдар? ҰОҚ жақсы сөздермен қорытындылайды.

№ 6 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Бағдаршам»
Мақсаты	Балалардың жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру. Іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету. Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Музыкалық шығармаларды сезімдік мазмұнын, сипатын ажыратуға үйрету. Ән әуенінің жоғары –төмен өзгеріп отыруын сезінуге ,әнді ойнақы көңілді орындауға төсілдіру. Жолда жүру ережелерін меңгерту.
Сөздік жұмыс.	бағдаршам-светафор.
Болжамды нәтиже	**Білу керек** Музыканы тыңдап, сипатын ажыратуды. Әнді мәтінімен мәнерлеп айтуды.
	Қалыптасқан әдет музыканы тыңдап, ойын арқылы аңдарды сомдауды.
	Істей біледі музыка әуенімен ауыспалы адым жасауды, рөлдегі қимылдарын әуенмен келтіруді
Көрнекілік материалдар	бағдаршам, жаяулар өткелі, тең жолмен қиылыс, қауіпті бұрылыс, басты жол.
Үлестірмелі материалдар	Көліктер бейнеленген карточкалар, бағдаршам бейнелеген суреттер
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезең**
1.1.	Б.Бейсенованың «Жол ережесі тәртібі» әнімен балаларды залдың бойымен екін жүруге, орындарында тұрып билеуге, өз орындарын табуға үйрету. Қимыл ырғақтарын әуенмен жасауды ұсынады. Қимылдан шатаспай есінде сақтау үшін сөзіне мән беріп, бірге қосыла айтып жасауға үйретеді.
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар!? **Балалар:**Қайырлы таң ұстазым, Қайырлы таң достарым.

	Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық. (*Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер.** -Әрқашанда әдемі болайық! -Күніміз жарық болсын! *(күнге қолдарын созады)* -Бақшамыз жайнай берсін! -Бәріміз дос болайық! *(қол ұстасып айналады)* (*Балалар шаттық шеңбер жасап, бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар: «Бағдаршам»** Ж Қалжанованың «**Қасқыр келді қалаға» көрінісін** кейіпкерлендіріп, сахналауға шақырады. -Бізге қонаққа Қасқыр келіпті. Ол жолдан өту ережесін білмей, сендерден көмек сұрап келіпті» -Балалар қасқыр жол ережесін білмейді екен. - Бағдаршамда қандай түстер бар екен? *(Балалар бағдаршамның түстері жөнінде қойылған сұрақтарға жауап береді)* *(қызыл,жасыл, сары)*
2.2.	**Музыка тыңдау:** «Бағдаршам әні» әні мен сөзі Г.Ерікқызынікі Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі: *Әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орай жауап береді.* *Қасқырға жол ережесін бұзбауын түсіндіреді.* *Балалар жол ережесін естеріне сақтауға тырысады.* *Әндетіп ырғақтан шықпауға тырысады.* *Қуаныш, өкініш, қорқыныш сезімін көрсетуге тырысады.* *«Тоқта», «Жол ашық» белгілерін есте сақтауға тырысады.* *Қасқырдың қоштасып шығуы*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы «Күй сандық»** Күй сандықты ашайық до-до-до, Тілдерін біз басайық до-до-до. Бас дыбысты басайық до-до-до, Шырқап әнге салайық до-до-до. -Міне балалар дауысымызды қыздырып алдық.
2.4	**Ән айту: Ән**: «Жолаушылар жыры» (Ж.Қалжанов) -Әнді музыка жетекшісі айтып береді. -Балалардан әнде не туралы айтылғанын сұрайды. -Әннің мәтінін талдап, әуенімен қосылып үйренеді. -Әнімізді әндетіп, әннің ырғағына салып айтамыз. *(балалар әнді мәтініне келтіре айтуға тырысады)*
2.5	**Сергіту сәті:** «Бағдаршам» Өтер кезде жолда. *(орындарынан тұрады)*

	Абайсыз жолда, *(жолға қарайды)* Әуелі солға қара, *(сол иықтарына қарайды)* Содан соң оңға қара. *(оң иықтарына қарайды)* *(балалар орындарынан тұрып, денелерін сергітіп алады)*
2.6	**Ойын «**Алақан**»** **Сюжеттік ойын «**Жолаушылар**»** *(Педагог ойын шартын түсіндіреді)* *(балалар ойын барысында ұқыпты болу керек)*
3. Қорытынды.	-Кейіпкерлерді сомдау ұнады ма? -Жол ережесін естеріне сақтаңдар, жолдан жүгіруге болмайтынын естен шығармаңдар. -Жолдан өту үшін алдымен қайда қараймыз? *(Балалар жол ережесіне жауап беруге тырысады)*

№ 7 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Алақай қыс келді»
Мақсаты	Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері тұралы түсініктерін кеңейту. Қысқы табиғат көрінісі, қысқы ойын түрелерін атау Әуен сазына ілесе қыс көріністерін қыймыл – қозғалыспен бейнелей білуге баулу, әнді әсерлі етіп айтуға үйрету. Ән салуға, билеуге, ойнауға қызығушылықтарын дамыту. Балаларды табиғатты аялай білуге, қамқорлыққа тәрбиелеу
Сөздік жұмыс.	қыс-зима, қар-снег
Болжамды нәтиже	**Білу керек** музыканы, ырғақты, сезіну, сипаттарды ажырата білу керек.
	Қалыптасқан әдет Ән айта біледі.
	Істей біледі Музыкамен би қимылдарын жасауды, қол буындарын қимылдатуды, би үлгілерін қайталап көрсетуді.
Көрнекілік материалдар	«Қыс» туралы суреттер.
Үлестірмелі материалдар	Қоян, түлкі, аю, қасқыр бейнелеген карточкалар
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырушылық кезең**
1.1.	Балалар «Марш» Т.Ломовой марш ырғағымен залға кіреді, жарты шеңбер құрып тұрады.
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Балалар: Сәлеметсіз бе! *(Фортпиано аспабы арқылы амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер** Қыс келді, қыс мұз – қарлы,

	Қыраулы да ызғарлы. Қыс келді, қыс боранды, Қырат көрпе оранды. Қыс келді, қыс мықты анық, Қайтсе де біз ықпадық. Қыс келді, қыс уайым ба, Қандық біздер ойынға! Музыка әуені ауысқан кезде шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады. *(Қыс туралы өлеңді ынтамен тыңдап, өлең туралы түсініктерін іс-қимылдармен жеткізеді)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты-қимылдар:**«Қыс келді» әні,сөзі:Бибігүл Жұмабекова -Қазір жылдың қай мезгілі? Балалар: Қыз мезгілі -Дұрыс айтасыңдар. Ендеше бәріміз әнді мұқият тыңдап сөзіне қарай ырғақты қимылдар жасаймыз. *Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды.* *Әуен аяқталысымен балаларды отырғызып, жайғастыру.*
2.2.	**Музыка тыңдау** «Қыс қызығы» әні,сөзі Зәуреш Акошева. Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі: *Әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орай жауап береді.* -Ән жылдың қай мезгіліне арналып жазылған? *(қыс мезгіліне)* -Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады? *(қар жауады)* -Музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады. -Сендер осы әнге қандай би-қимылдарын жасағыларың келеді. -Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. -Аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, жұбымен айналуға болады. *(Балалар қыс туралы білгендерінше жауап береді)* *(Балалар алған әсерлерін жеткізуге тырысады)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы «Күй сандық»** Күй сандықты ашайық до-до-до, Тілдерін біз басайық до-до-до. Бас дыбысты басайық до-до-до, Шырқап әнге салайық до-до-до. (Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыру жаттығуларын дұрыс орындалулары керек)
2.4	**Ән айту: «Қыс қызығы»** (И. Нүсіпбаев, Е. Өтетілеуұлы). Әнді музыка жетекшісі орындап береді. -Әнде не туралы айтылған? (қыс мезгілі) -Қандай көңіл күйде? *(көңілді күйде айтылған)* Мәтінін әуенге қосылып үйрену. *(балалар әнді ынтамен орындап,ырғағына салып айтады)*
2.5	**Сергіту сәті: Би** «Қасқыр мен қояндар». Көрініс би («Билеп үйренейік»). Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би

	-қимылдарын жасау. Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді. Музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қимылдарды жасайды. Жеңіл әуенге көжектер жеңіл секіреді, қасқыр әуені ойналған кезде орындарына отыруға талпынады.
2.6	**Ойын** «Қысқы аңдар» Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалар ойнайды.
3. Қорытынды.	-Бүгін жылдың қай мезгілі туралы ән үйрендік? -Ән сендерге ұнады ма? -Бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметінің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? -Қандай аңдардың қимылдарын келтіріп салдық? -Қорытындылау, бағалау, марапаттау. Қорытынды сұрақтарға жауап береді.

№ 8–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Қазақстаным, Отаным»
Мақсаты	Мемлекеттік тілде ән айту дағдыларын бекіту. Адамгершілік-эстетикалық негіздерді қалыптастыру Балаларды адамгершілік-патриоттық, еңбексүйгіштікке, жақсылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Отан, Нұр-Сұлтан, ту, елтаңба, әнұран, домбыра, сылдырмақ, саз сырнай, киіз үй, сандық, торсық, тостаған.
Болжамды нәтиже	**Білу керек.** Өз туған өлкелерін танып білуге.
	Қалыптасқан әдет Өз еліне, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін, патриоттық сезімге тәрбиелеу.
	Істей біледі Музыкалық–қозғалыстық түсініктерін байыту.
Көрнекілік материалдар	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері, Нұрсұлтан қаласының ғимараттары бейнеленген суреттер, дидактикалық ойынға байланысты суреттер
Үлестірмелі материалдар	Бала санына байланысты боялмаған жалауша бейнеленген суреттер.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырушылық кезең**
1.1.	Балаларды қарсы алу, амандасу. Б.Бейсенованың «Туған жер» әнімен шеңбермен жүруді, дөңгелене тұрып алақан қағуды жасату. 2-шумақта ортаға адымдайды, артқа адымдайды.Музыкамен жүруді, шапалақтарын ырғақпен қағуды қайталайды. Ортаға адымдау, кері қарай адымдауды,үйренеді.
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіндер ме, балалар! **Балалар:** Сәлеметсіз бе!

	(Фортпиано аспабы арқылы амандасады)
1.3.	**Шаттық шеңбер:** Орнымыздан тұрайық. *(орындарынан тұрады)* Құс болып қанат қағайық. *(құс болады)* Астананың төріндегі, Бәйтерекке ұқсайық. *(Балалар әуен қосылғанда шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасайды)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар:** «Зырылдайды шанамыз» Д. Мацузин *Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды.* *Әуен ырғағымен орындарына барып отырады.*
2.2.	**Музыка тыңдау** «Қазақстаным, Отаным» Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі -Балалар біз қай республикада тұрамыз? *(Қазақстан республикасы)* -Балалар, өзіміз тұратын мекенді тағы қалай атауға болады? *(туған жер, Отан)* -Біздің астанамыз қай қала? *(Нұрсұлтан)* -Әнді мұқият тыңдап, мәтінінен не түсіндіңдер? -Қазақстан туралы қандай тақпақтар білесіңдер? *(Балалар әннің мағынасын түсініп жауап береді)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** Балалар фотрепиано аспабы арқылы лю,лю,лю,лю,лю жаттығуын айтып,дауыстарын жаттықтырыды. -Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыру, дем алу жаттығуларын жасауымыз керек.
2.4	**Ән айту:** «Елтаңбасы елімнің» Елтаңбасы елімнің, Неткен әйбат, әдемі. Тұнығындай көңілді, Ортада аспан әлемі. Құт-береке шаңырақ, Орын алған ол төрден. Қанатты қос арғымақ Екі жақтан көмкерген. Тәуелсіздік жолында Талай-талай тер тамған. Билігім өз қолымда, - Еркіндігім – Елтаңбам. Әннің әуенің қалай айтылатының мұқият тыңдап алайық. Әнді музыка жетекшісі орындап береді Әнді балалармен қосылып айтады. *Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау.*
2.5	**Сергіту сәті:** «Көңілді балалар»

	Балалар көңілді музыка әуенімен серіппе, екі қадам алға және артқа жүріп, аяқты 3 қайтара топылдатады. Қимылды ырғақпен бірге жасау. Әуенді бірнеше қайтара қайталап, қимылды есте сақтау. **Би**: «Қояндар биі» (Билеп үйренейік) Би қимылдарын жинақтағы түсініктеме бойынша жасау. Қоян қимылдарын аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп жасау.
2.6	**Ойын** «Аспапты үнінен тап»
3. Қорытынды.	-Біздің Отанымыз қалай аталады? -Отанымыз туралы не білеміз? -Еліміздің қандай рәміздері бар? Әнұранымызды айтып сабағымызды қорытындылайық *(Балалар Отан туралы түсінгендерін білгендерінше жауап береді)*

№ 9 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Аяз ата, Қаршақыз»
Мақсаты	Қыс кейіпкерлерімен танысу. Музыканы тыңдауға, ілесе айтуға шақыру, би ырғақтарын жасауға талпындыру. Музыкалық–қозғалыстық түсініктерін байыту.Жаңа жылдық репертуардың бірыңғай музыкалық-эстетикалық қабылдауын дамыту,өзіндік жұмыста ойындарды, хороводтарды қолдану ықыласын тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Аяз ата-дед мороз, қаршақыз-снегурочка шырша-елка
Болжамды нәтиже	**Білу керек** музыка тыңдауды, сөздерін қайталауды.
	Қалыптасқан әдет шананы ұстауды, ленталарды сермеуді, шамдарды ұстауды, қоюды.
	Істей біледі шеңбер бойымен жүруді, аяқ-қол қимылдарын қайталауды, алға-артқа жүруді.
Көрнекілік материалдар	Қуыршақ Аязата, Қаршақыз, кішкентай үстел, шырша, кішкентай шаналар, ленталар, шамдар.
Үлестірмелі материалдар	Музыкалық аспаптар
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырылған кезең**
1.1.	Балалар «Марш» О.Джаниярова марш ырғағымен музыка залына келіп, жарты шеңбер құрады.
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар! **Балалар:** Сәлеметсіз бе! *(Фортпиано аспабы арқылы амандасады*)
1.3.	**Шаттық шеңбер:** Қандай суық қыс деген?

	Қалтырайды қыс деген. Құлақшынды кимесең, Құлағыңды тістеген. *(Балалар әуен қосылғанда шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасайды)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар** «Зырылдайды шанамыз» Д. Мацузин *Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды.* *Әуен ырғағымен орындарына барып отырады.* *Балаларды жайғастырып отырғызып, қыс кейіпкерлерімен кездесетіндерін айтады*
2.2.	**Музыка тыңдау: Ән** «Аяз ата, ақшақар» Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі -Балалар,айналаға көз салыңдаршы, қандай құбылысты байқадыңдар? *(Балалар әнді мұқият тыңдайды, қандай кейіпкерлер жайлы айтылғанын түсінеді)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** Балалар фотрепиано аспабы арқылы лю,лю,лю,лю,лю жаттығуын айтып, дауыстарын жаттықтырыды. *(Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыру жаттығуларын жасаулары керек).*
2.4	**Ән айту:** «Шыршамызға арнаймыз» *Қыс көріністері туралы түсініктерін жеткізеді.* *«Шыршамызға қараймыз» әнінің сөзіне қарай балалар іс-қимыл жасайды* (*Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау*)
2.5	**Сергіту сәті:** Секіреміз топ-топ, *(орындарында секіреді)* Шапалақтап көп-көп. *(алақандарын соғады)* Иілеміз оңға қарай бір,екі,үш. *(оңға бұрылады)* Иілеміз солға қарай бір,екі,үш *(солға бұрылады)* *(балалар шеңбер бойында орындайды)*
2.6	**Ойын** «Жоғарғы және төменгі дыбысты тап» Педагог ойын шартын түсіндіреді. *(Балалар ойынды шартына сай орындайды)*
3. Қорытынды.	Педагог қортынды жасайды -Бүгінгі оқу қызметінде не туралы әңгімеледік? Балаларды мадақтайды.

№ 10 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Ертегілер елінде»

Мақсаты	Қуыршақ театры арқылы балаларды шығармашылыққа баулу, әуен сипатын ажыратып қимылдауға,ән айтуға дағдыландыру, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Бауырсақ-колобок, ертегі-сказка, достар-друзья.
Болжамды нәтиже	**Білу керек** «Бауырсақ» ертегісін мазмұнын, кейіпкерлердің сипатын бере алу, ажырату, әнге қосыла айту.
	Қалыптасқан әдет ертегі кейіпкерлерімен бірге араласа жүріп, мазмұнын терең түсінеді, әртүрлі сипаттағы әнді айтуды үйренеді.
	Істей біледі әр кейіпкерлерге тән қимыл-қозғалыстарын көрсетіп, дауыс ырғақтарын салуды, әуеннің сипатын ажырата алу.
Көрнекілік материалдар	«Бауырсақ» ертегісінің көрінісі, үйшік, бауырсақ, ата, әже, қасқыр, қоян, аю, түлкі
Үлестірмелі материалдар	қоян, түлкі, қасқыр, аю суреттері
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырылған кезең**
1.1.	Залдың іші «Бауырсақ» ертегісінің көрінісіне лайықты етіп безендіреді. **«Илигай»** (өңдеген Б.Дәлденбай) әуенімен балаларды қарсы алу. Музыка жетекшісі Бауырсақ қуыршағын немесе суретін көрсетіп, балаларды бірге көңіл көтеруге шақырады. Мен көңілді Бауырсақ, *(суретті көрсетеді)* Кел, ойнайық қуыспақ! *(залды айнала бір –бірін қуады)* Бауырсақ қашқан болады, балаларға қуалап жүгіруді ұсыну.
1.2.	**Сәлемдесу** -Сәлеметсіңдер ме, балалар!? **Балалар:**Қайырлы таң ұстазым, Қайырлы таң достарым. Шеңберге тұрайық, Жылулық сыйлайық. *(Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбері** Бақыт толы шеңберге, *(шеңберде тұрады)* Шаттық толы шеңберге. Қол ұстасып келдік біз, *(қол ұстасып шеңберді айналады)* Жан достармыз енді біз. *(бір-бірін құшақтайды)* *(Балалар әуен қосылғанда шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасайды)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар:** -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғы келіп тұр. Қашып кеткен атадан. Қашып кеткен ападан Орманда кеше жүр едім Домалап шықты алдымнан. *(бауырсақ)*

	-Балалар, бізге қонаққа ертегілер елінен қонаққа бауырсақ келіпті. Келген қонағымызбен көңілімізді көтерейік. -Әдеттегідей ұйымдастырылған оқу қызметін, музыкалық ырғақты-қимылдардан бастаймыз. «Топ, топ балақан» *(Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды)* *(Әуен аяқталысымен балаларды отырғызып, жайғастыру)*
2.2.	**Музыка тыңдау** «Ертегілер» Әйгерім Қалаубаеваның орындауында Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі -Балалар бізге ертегілер елінен қонақтар келді. бәріміз қосылып ән тыңдайық. -Балалар тыңдалған әніміз қандай көңіл күйді білдіреді? *(Әннің не жайында айтылғанын ұғынып, соған орай жауап береді)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** Күй сандықты ашайық до-до-до, Тілдерін біз басайық до-до-до. Бас дыбысты басайық до-до-до, Шырқап әнге салайық до-до-до. *-Міне балалар дауысымызды қыздырып алдық.*
2.4	**Ән айту «Аю», «Түлкі»** *(Б.Дәлденбай, А.Асылбек) әндері орындалады* -Әнді музыка жетекшісі айтып береді. Балалардан әнде не туралы айтылғанын сұрайды. -Әннің мәтінін талдап, әуенімен қосылып үйренеді. *(Балалар келісіп, көңілденеді,бауырсақ балаларға қосылып ән айтады)* *(Әнді ынтамен тыңдап, түсінуге тырысады)*
2.5	**Сергіту сәті: «Аю», «Қоян»** Ормандағы аюдың, *(қораңдап жүреді)* Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп аламыз, *(төмен иіледі)* Қалтамызға саламыз. Ұзын құлақ сұр қоян, *(орындарында секіреді)* естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлермен. Ытқып-ытқып жүгірді. *(Балалар әннің сөзіне қарай би қимылдарын жасайд, бауырсақта бірге қосылып қимылдарды көрсетеді)*
2.6	**Ойын** «Бауырсақ кіммен кездесті?» -Балалар бауырсақ, сендермен ойын ойнағысы келеді екен. Бәріміз қосылып ойын ойнайық. *(Ойынның шартын түсініп ойнау)*
3. Қорытынды.	Бауырсақтың балалармен қоштасып залдан шығуы. Балалар сендерге ертегілер елі сендерге ұнады ма?

	Ертегілер елінен нелерді кездестірдіңдер? Балалар сендерге көп-көп рахмет.

№ 11–ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Менің сүйікті ойыншықтарым»
Мақсаты	Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін дамыту. Ән мәтініне назар аудара білулерін және таза да түсінікті етіп айтуларын қалыптастыру. ойыншықтар түрлерін бір - бірінен ажырата білулерін дамыту. Жаңа әнді меңгеру, әнді тыңдап түсіну, әуен мен қимылды бір - бірімен үйлестіруге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Ойыншық-игрушка, қуыршақ-кукла
Болжамды нәтиже	**Білу керек** Балалардың ойыншықтар туралы түсінік алады, ойыншықтар туралы әнді мұқият тыңдап, мазмұнын түсінеді;
	Қалыптасқан әдет Балалар ән айту барысында мәтін жолдарын анық, таза, түсінікті етіп айтады, көптеген ойыншық түрлерін біледі және ажырата алады
	Істей біледі Балалар өздеріне жүктелген тапсырмаларды дұрыс, әрі тиянақты орындай алады, музыкамен қимылды үйлесімді етіп жасай біледі.
Көрнекілік материалдар	Ойыншықтар суреттері.
Үлестірмелі материалдар	Бала санына байланысты ойыншықтар бейнеленген карточкалар.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезең**
1.1.	Балалар музыка залына саппен жүргізу, жарты шеңбер бойына тұрғызу.
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар. -Сәлеметсіз бе! ***(****Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер:** Біз қандаймыз, қандаймыз, *(өздерін көрсетеді)* Шұғылалы таңдаймыз. *(қолдарын жоғары көтереді)* Күлімдеген күндейміз, *(күнге қарап күлімдейді)*

	Ренжуді білмейміз. Қуанамын мен де, *(өздерін көрсетеді)* Қуанасың сен де. *(бір-бірін көрсетеді)* Қуанайық достарым. *(бір-біріне қарайды)* Бәрекелді, балалар! *(Жылулық шеңберіне тұрып, жылы сөздер айту)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты-қимылдар:** **«Тұлпарым»**(Бота Бейсенова)музыкасын,сөзін жазған -Балалар әннің сөзіне қарай мұқият тыңдап, би қимылдарын орындаймыз. *(балалар шеңберде тұрып, әнді мқұият тыңдап, би қимылдарын ұйлестіріп орындайды)*
2.2.	**Музыка тыңдау: Ән** «Ойыншық солдаттар маршы» **(**П. И. Чайковский) Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі: -Балалар үнтаспадан тыңдаған әуендерін қандай көңіл күйді білдіреді? -Мұқият тыңдайықшы? *(Балалар әнді мұқият тыңдап әуеннің қандай көңіл күйде айтылған айтады)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** «Аңдар атауы» А-а-а-аю. Қо-қо-қо-қоян -Балалар әдеттегідей ән айтар алдында дауысысымызды қалыпқа келтіріп алайық. Жаттығуларды бір үнділікпен, әуенін дұрыс айтуларына мән беруіміз керек. *(Балалар жаттығуларды дұрыс орындауға бейімделеді)*
2.4	**Ән айту*:* «Ойыншықтар»** (И. Нүсіпбаев). Балаларға әнді орындап көрсету, түсіндіру. -Балалар әнді аспап сүйемелдеуімен орташа екпінде екенін айтамыз. музыка екпініне ілесе білуге үйренеміз. -Ән мәтінін таза, түсінікті етіп айтуымыз қерек. (*Балалар жаңа әнмен танысады. Жетекшіге ілесе үйренеді. Әнді музыка аспабының сүйемелдеуімен айтады*)
2.5	**Әуенді қимыл «Қоян»** Ұзын құлақ сұр қоян, *(қолдарын бастарына қояды)* Естіп қалып сыбдырды, *(құлақтарын түріп тыңдайды)* Ойлы-қырлы жерлермен. Ытқып-ытқып жүгірді. *(шеңбер айнала жүгіреді)* *(Балалар, әннің сөзіне қоянның қимылын жасап көрсетеді: секіреді)*
2.6	**Ойын:** «Әнді тап» Педагог ойын шартын түсіндіреді.

3. Қорытынды.	- Жарайсыңдар, балалар! Сендер бүгінгі ұйымдастырылған оқу-қызметіне өте жақсы қатыстыңдар Балалар сендерге көп - көп рахмет. Балаларды саппен жүргізу.*(Балалар саппен музыка әуенімен жүріп, залдан шығып кетеді)*

№ 12 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Менің сүйікті қуыршағым»
Мақсаты	Өздеріне ұнаған ойыншықтары жайлы әңгімелеп айтып беру**,** Әуен ырғағына сай қимылдай білуге үйрету, Музыкаға деген қызығушылығын арттыру. Қуыршақпен таныстыру.
Сөздік жұмыс.	қуыршақ-кукла, ойыншық-игрушка
Болжамды нәтиже	**Білу керек** Балалардың ойыншықтар туралы түсінік алады, қуыршақтар туралы әнді мұқият тыңдап, мазмұнын түсінеді
	Қалыптасқан әдет балалар ән айту барысында мәтін жолдарын анық, таза, түсінікті етіп айтады
	Істей біледі балалар өздеріне жүктелген тапсырмаларды дұрыс, әрі тиянақты орындай алады.
Көрнекілік материалдар	қуыршақтар
Үлестірмелі материалдар	Бала санына байланысты ұзын-қысқа, жуан-жіңішке салыстырмалы түсі әр-түрлі ленталар.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастыру кезең**
1.1.	Балалар көңілді әуенмен музыка залына саппен адымдап кіреді, шеңбер бойымен жүріп, зал ортасына бір сызық бойына келіп тұрады
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар! **Балалар:** Сәлем деймін, күнге мен, Сәлем деймін мен саған. Сәлем деймін апайға, Сәлем деймін бәріне. *(Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбері**: Біз ұқыпты баламыз. айтқан тілді аламыз,

	ойыншықтарды жинаймыз. Үлкендерге сыйлаймыз! *(Балалар, шаттық шеңберге тұрады.Күлімдеген күндейміз)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты-қимылдар:** **«Біз көңілді қуыршақпыз»** (Қабділрашид Қайымов) музыкасын,сөзін жазған -Балалар әннің сөзіне қарай мұқият тыңдап, би қимылдарын орындаймыз. *(балалар әнді мұқият тыңдап, би қимылдарын ұйлестіріп орындайды)*
2.2.	**Музыка тыңдау: Ән** «Қуыршақ» Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі: Жұмбақ жасыру: Аяғы бар жүрмейді, Аузы бар күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді.(Қуыршақ) *(балалар жұмбақтың жауабын дұрыс айтып береді).* -Ендеше балалар қазіргі тыңдайтын әніміз қуыршақ деп аталады *(Балалар әнді мұқият тыңдап әуеннің қандай көңіл күйде айтылған айтады)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы «Күй сандық»** -Балалар әдеттегідей ән айтар алдында дауысысымызды қыздыру жаттығуымызды жасап алайық. Күй сандықты ашайық до-до-до, Тілдерін біз басайық до-до-до. Бас дыбысты басайық до-до-до, Шырқап әнге салайық до-до-до. *(Балалар жаттығуларды дұрыс орындауға бейімделеді)*
2.4	**Әнайту*:* «Біз көңілді қуыршақпыз»** (Қабділрашид Қайымов) музыкасын,сөзін жазған -Балаларға әнді орындап көрсету, түсіндіру. -Балалар әнді аспап сүйемелдеуімен орташа екпінде екенін айтамыз. музыка екпініне ілесе білуге үйренеміз. -Ән мәтінін таза, түсінікті етіп айтуымыз керек. (*Балалар жаңа әнмен танысады. Жетекшіге ілесе үйренеді. Әнді музыка аспабының сүйемелдеуімен айтады*)
2.5	**Ғажайып сәт:** Қуыршақтың келуі: *Залға қуыршақ келеді. Қуыршақ балалардың балабақшасымен танысқысы келетінің және балалармен би билегісі келетінінің айтады.* **Әуенді ырғақты- қимыл:** «Біз көңілді қуыршақпыз» (Қабділрашид Қайымов) музыкасын,сөзін жазған - Балалар қуыршаққа өнерімізді көрсетеміз бе?

	(Балалар қуыршақпен қосылып әуенді-ырғақты қимылдарын орындайды)
2.6	**Ойын«**Музыкалық аспаптар дүкені**»** *Қуыршақтың залдан шығуы.*
3. Қорытынды.	- Балалар бүгінгі ұйыдастырылған оқу қызметі сендерге ұнады ма? -Қуыршақ қандай болады? -Бүгін қандай ән үйрендік? -Бізге қонаққа кім келді? - Жарайсыңдар, балалар! Сендер бүгінгі тапсырмаларды жақсы орындап шықтыңдар. *(Балалар саппен музыка әуенімен жүріп, залдан шығып кетеді)*

№ 13 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Сылдырмақ»
Мақсаты	Сылдырмақ туралы түсінік беріп, оның дыбыс шығаруының сырын түсіндіру.Сылдырмақты ырғаққа сай сылдырлатып үйрену, музыка әуеніне сай қимыл жасауға дағдылану.Балалардың музыкалық аспаптар туралы түсініктерін бекіту және кеңейту, ырғақ сезімін тәрбиелеу
Сөздік жұмыс.	сылдырмақ-погремушка
Болжамды нәтиже	**Білу керек** Әннің сөзін анық, әуенін нақышына келтіріп айтуды
	Қалыптасқан әдет сылдырмақтың бөбектерге арналған ойыншық екенін қалыптастыру.
	Істей біледі музыка әуенімен еркін жүгіру, музыка әуені тоқтағанда сылдырмақты соғу
Көрнекілік материалдар	Баланың санына байланысты сылдырмақтар
Үлестірмелі материалдар	Сылдырмақ, қоңырау, металлофон карточкалары
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырушылық кезең**
1.1.	Балаларды көңілді музыка үнімен музыка залында қарсы алады. Шеңбер бойымен жүру, жүгіру, жеңіл секіру т.б.
1.2.	**Сәлемдесу:**Фортепиано аспабы арқылы музыка жетекшісінің көмегімен әндетіп амандасады -Сәлеметсіңдер ме, балалар!?
1.3.	**Шаттық шеңбер** Күннің көзі ашылып, *(қолдарын жоғары көтереді*) Көкке шуақ шашылып. *(қолдарын сермейді)* Құтты қонақ келіпті,

	Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, қанекей , бәріміз, Сәлем дейік үлкенге. Сәлеметсіздер ме апайлар. *(Балалар әуен қосылғанда шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасайды)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар** «Сылдырмақ» Сылдырмақты сылдырлатып көрсету. *Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды.* *Әуен ырғағымен орындарына барып отырады*
2.2.	**Музыка тыңдау.** Ән «Сылдырмақ» (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев, сөзін жазған И.Сапарбай! Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі *(Балалар әнді мұқият тыңдайды, сылдырмақты әнге сөзіне қарай соғуды дағдыланады)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** -Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыру жаттығуларын жасауымыз керек. Балалар фотрепиано аспабы арқылы лю, лю, лю, лю, лю жаттығуын айтып, дауыстарын жаттықтырады.
2.4	**Ән айту** «Сылдыр сылдыр,сылдырмақ» Жаңа әнді музыка жетекшісі орындап береді. Не туралы айтылғанын сұрайды. Әннің сөзін үйретіп, екі жолын әнге қосады. Түгел шумақты үйреткен соң, «Шақ-шақ-шақ» деген жерде қолмен ұрады. Әнді түгел үйреніп болған соң, сылдырмақты таратады. Сылдырмақты ырғаққа үйлестіре отырып қимыл жасау. Бәсең жерінде жай ұрып, ширақ жерінде қатты қағу. *Ән орындау ережелерін естен шығармау. Бірін-бірі ести отырып, үндесіп айтуға үйрету.*
2.5	**Сергіту сәті:** «Сылдырмақпен би» А. Менжанова. Қолымызда сылдырмақ, *(қолдарында сылдырмақ)* Сылдыр, сылдыр етеді. *(сылдырлатады)* Аяғымыз тыпылдап, *(тоқылдатады)* Өзі билеп кетеді Тып, тып, тып, Тыпылдатып биге шық *«Сылдырмақпен би» әнін ортаға шеңберде тұрып, сылдырмақпен қимыл жасап әнің айту)*
2.6	**Ойын** «Сылдырмақтар» (М.Раухвергер) *Балалар (сылдырмақтың, қоңыраудың металлофонның) үнің мұқият тыңдайды, қай аспап ойналса сол аспаптың суретін көрсету керек.*

3. Қорытынды.	Апайларды тыңдаймыз, Сылдырмақты жинаймыз! – деп, балаларға сылдырмақтарды қорапқа салуға көмектесулерін сұрайды. - Сылдырмақтың даусы қандай? - Бүгінгі серуен ұнады ма? Сұрақтар қойып, балалардың сөйлеп, жауап беріп дағдылануына ықпал етеді. «Серуендейміз, демаламыз» (М.Красев) ойналып, балалар қол ұстасып шығады. Балалар сылдырмақтарды қорапқа салады. Сылдыр – сылдыр Иә, ұнады Балалар қол ұстасқан күйі көңілдене шығып кетеді.

№ 14 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Көктемгі қоңыраулар»
Мақсаты	Ән салуға, билеуге, ойынауға қызығушылықтарын дамыту. Меңгерген дағдыларын бекіту. Қарапайым би қимылдарын орындауға дағдыландыру. Әуенді есту, сезіну қабілеттерін әрі қарай дамыту, музыкадағы табиғаттың бейнелерінен алған әсерін және оған қатынасын білдіруге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Көктем-весна, гулдер-цветы, шуақ-луч
Болжамды нәтиже	**Білу керек** ырғақты сезіне қозғалу, ән мазмұнын түсіне көпшілікпен бірге қимылдарды көрсету, жеке сөздерді
	Қалыптасқан әдет әнді әуенмен және табиғи дауыспен айтуды, баяу, сазды әуенді сезінуді.
	Істей біледі гүлдермен бір орында тұрып тербелуді
Көрнекілік материалдар	Көктем көрінісін бейнелейтін сутеттер, биге қолданылатын гүлдер.
Үлестірмелі материалдар	(қоян, аю, құстар) карточкалары, жыл мезгілдеріне байланысты карточкалар
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырушылық кезең**
1.1.	Балаларды қарсы алып, көктемгі баққа қыдыруға шақырады. Балаларға әуен ырғағымен ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. (**«**Марш**»** М.Раухвергер) Біз адымдап жүреміз, (*бір-бірінің артынан адымдап жүреді)* Бір, екі, үш! *(Ырғаққа ілесе нық басуға талпынады, бір бірінің артынан жеңіл жүреді)* Серуендеп келеміз, *(Балалар көтеріңкі көңіл күймен зал ішінде еркін жүреді)* Бір, екі, үш!- деп *(балалар ән қосыла айтуын сұрайды).* -Балалар, баққа тез жету үшін енді жарыса жүгірейік, - деп ынталандырады. **«**Кімнің жүгіргісі келеді**?»** (Л.Вишкарева)

	әуені ойналып, балалардың ырғақты тыңдай, жеңіл жүгірулерін қадағалайды. *(Әуен аяқталғанда тоқтап, жетекшінің іс-әрекетіне назар аударады)*
1.2.	**Сәлемдесу** -Сәлеметсіңдер ме, балалар! **Балалар:** Сәлеметсіз бе! *(Фортпиано аспабы арқылы амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер** Үлкенге де «Сіз», Кішіге де «Сіз». Сәлем бердік сіздерге, Құрметпен біз. Армысың,аспан ата! Армысың, жер ана! Армысың, алтын күн! Әуен соңында: -Міне, баққада жеттік. Енді бақ ішін аралап, қыдырайық, *балаларды көктемгі бақ бейнеленген көрініске жақындатады.* -Қараңдаршы, балалар, бақ іші қандай әдемі! Мұнда қызыл, жасыл, алуан гүлдер жайнап тұр екен! – деп балалардың назарын аударуға тырысады. Бақ іші қандай тамаша, Алуан гүлдер тұр тұнып, Би билейік гүлдермен. Мың бұрала айнала. *(Балалар әуен қосылғанда шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасайды)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар** «Гүлдер» *Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды.* *Әуен ырғағымен орындарына барып отырады*
2.2.	**Музыка тыңдау**«Табиғат әуендері» Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі Үнтаспадан құстардың дауысы естіледі («Табиғат әуендері» жинағынан). -Балалар, ненің дауысын естіп тұрсыңдар? - Құстар қалай дыбыстайды екен? Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық! – деп, (*балаларға құстың қанат қаққанын көрсетулерін сұрау)* Қандай қызық көктемде, Күн шуағын төккенде. *(балалар шаттанады)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** «Көктем келді» -Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыруи жаттығуларын жасауымыз керек.

	Көктем келді қараңыз, Қарсы алады даламыз. Дауыстарың құстардың, Әнге қосып саламыз. *Қ-сы:* Чик-чирик, чик-чирик. *(Балалар фотрепиано аспабы арқылы чик-чирик,чик-чирик жаттығуын айтып,дауыстарын жаттықтырады)*
2.4	**Ән айту** Ән «Көктем,көктем, көктемде» Педагог әннің 1-шумағын орындап береді. Әнді екінші рет орындағанда балаларға педагог мәтініне сай қимылдарды көрсетіп, қайталатады. Ән аяқталысымен балаларды алдын ала «гүлдер өсіп тұрған» гүлзарға шақырып: Қызыл, сары, жасыл, көк Гүлдерді біз терейік, - деп гүл жинауды ұсынады. Достығымыз жарасып, Көңілді би билейік!
2.5	**Сергіті сәті:** «Гүлдермен би» (Т.Вилькорейская) қимылдарын көрсетіп, балаларды биге машықтандырады. Шеңбер бойымен гүлдерді жоғары көтеріп жеңіл жүгіруді, бір орында тұрып тербелуді, ортаға жиналуды, кері қарай жүру қимылдарын жасауға үйретеді. *Өз беттерінше еркін жүріп, жан жағына қарайды.* *Суреттерді қызықтап көреді.* *Гүлге таңырқай қарап, ұстап көреді.* *Кілемге жайғасып отырады.* *Балаларды құстар үнін зейін қойып, қызыға тыңдайды, қызығушылық сезімдері оянады.* *Қолдарын созып, «ұшуға» әрекеттенеді.* *Балалар әнді ынта қойып тыңдап, түсінуге талпынады.* *Педагогтың жасаған іс-қимылдарын қайталап көрсетуге тырысады.* *Қолдарын көкке созып, күнді өсіп тұрған гүлдерді көрсетеді.* *Балалар қуана жүгіріп гүлдерді «теріп» алады.* *Шеңбер бойымен тұрып, педагогке қарап, би қимылдарын қайталайды.* *Гүлдерін жоғары көтере бірге тербеліп, айналып ырғақпен билеуге талпынады.*
2.6	**Ойын «**Құстың даусын тап» *Педагог ойын шартын түсіндіреді*
3. Қорытынды.	Көктем келіп шуақты, Балаларды қуантты. Алақай – ау, алақай

	құстар сайрап Бақтар жайнап, гүл атты! -Балалар, сендерге бақ ұнадыма? Құстар қалай әндетеді екен? Гүлдер қандай? Мен сендерге әдемі гүлдер сыйлаймын, - деп алдын ала түрлі түсті қағаздан қиылған гүлдерді таратып береді. *Балалар қуанып, қол шапалақтайды.* *Сұраққа түсініп жауап беруге әрекеттенеді.* *Балалар рахмет айтып, көңілді қоштасады.*

№ 15 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Айналайын, анашым»
Мақсаты	Анаға деген сезімдерін ән арқылы жеткізуге үйрету. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамыту. Ата-анасын сыйлауға, қастерлей білуге тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Ана-мама, әже-бабушка, мереке-праздник
Болжамды нәтиже	**Білу керек** аналарының мерекесін білу керек, аналарға деген сүйіспеншіліктерін бағалау.
	Қалыптасқан әдет мереке, сыйлық деген ұғымдарды.
	Істей біледі өздері дос іздеуді, биге шақыру дағдыларын
Көрнекілік материалдар	Ана мен бала бейнеленген суреттер, мерекеде анаға гүл сыйлап тұрған баланың суреті.
Үлестірмелі материалдар	Суретті карточкалар:үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын т.б.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырушылық кезең**
1.1.	*Музыка залында көңілді әуенмен балаларды қарсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен жүгіру,секіру, музыкалық қимылдар жасау.* *-Балалар, мына өлең кім туралы жазылған, мұқият тыңдаңдар.* *Бала, бала, бала деп,* *Түнде шошып оянған.* *Түн ұйқысын төрт бөліп,*

	Түнде бесік таянған. *Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді.Музыка ырғағына сай қимылдар жасайды, жүгіреді, айналады.*
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар! **Балалар:** Сәлеметсіз бе! *(Фортпиано аспабы арқылы амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер** Ананың біз гүліміз *(анаға деген мейірімдерін қолдарымен көрсетеді)* Ана-біздің күніміз *(қолдарын жоғары көтереді)* Ұландарды қуантып, *(денелерін тік ұстап)* Ұзақ өмір сүріңіз. *(қолдарымен жүрекше көрсетеді)* *(Балалар әуен қосылғанда шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасайды)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар**«Биге шақыру»(А.Тоқсанбаев) *Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды.* *Әуен ырғағымен орындарына барып отырады*
2.2.	**Музыка тыңдау** «Ақ мамам» (музыкасын жазған Е.Хасанғалиев, сөзін жазған А.Асылбек) Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі Әнді музыка жетекшісі орындап береді. Анасын әрбір бала асыға күтетін , анасы үйге келгенде қуаныштан мәз-мейрам болатынын әндетіп жеткізеді. Аналарға деген сүйіспеншілік, мейрімділік сезімдерін ояту. Өткен әндерді қайталау. (*Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, қимылды әндерді қимылмен көрсете отырып орындау*)
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** Күй сандықты ашайық до-до-до, Тілдерін біз басайық до-до-до. Бас дыбысты басайық до-до-до, Шырқап әнге салайық до-до-до -Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыру жаттығуларын жасауымыз керек.
2.4	**Ән айту** Ән «Мерекеңмен анашым» (музыкасын жазған Б.Қыдырбек, сөзін жазған И.Сапарбай) -Көктем мезгілінде аналарымыздың мерекесі келеді. Әркім әлі келгенше сыйлық әзірлейді. Сендердің үлкен сыйлықтарың-ана туралы айтқан әндерің, жаттаған тақпақтарың, билеген билерің. Өздерің қандай тақпақ білесіңдер? (*Әннің мәтінін түсіндіріп, жаттау, әнді әуенімен қосып үйрету*)
2.5	**Сергіту сәті**

	Еркін ұста дененді, *(денелерін тік ұстайды)* Тарсылдатпай еденді. Орнымыздан түрып алып, *(орындарында тұрады)* Жүгірейік бір уақыт. *(шеңбер айнала жүгіреді)* Бір,екі,үш, бір,екі,үш, Аяқты алға созайық. Тік көтеріп қозғайық. Тым сылбырда болмайық, Алға қарай озбайық. Бір,екі,үш, бір,екі,үш *(балалар шеңбер бойымен жүріп орындайды)*
2.6	**Ойын** «Көңілді оркестр» Педагог ойын шартын түсіндіреді. – *(Балалар ойынды мұқият ойнайды)*
3. Қорытынды.	Өтілген тақырыпты қортындылау. Балаларды мақтау, марапаттау. Балалар қоштасады

№ 16 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Наурыз мереке»
Мақсаты	Наурыз мерекесі туралы түсініктерін кеңейту, дағдыландыру. Мерекелік көңіл –күй сыйлай білуге үйрету. Әуенді, дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Би қимылдарын бекіту.Әуенді әндету іскерліктерін дамыту,салт-дәстүрге құрметтеуге тәрбиелеу
Сөздік жұмыс.	Мә-мә»,«бө-бө», «мө-мө», «мияу», «әуп-әуп».
Болжамды нәтиже	**Білу керек** наурыз мерекесі, табиғаттың жаңаруын. Музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге
	Қалыптасқан әдет текшелермен жұмыс жасауды, енесін табуды, төлін табуды
	Істей біледі би ырғақтарын қайталауды
Көрнекілік материалдар	текшелер, үй жануарлары, шаңырақ
Үлестірмелі материалдар	металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.
1.Кіріспе бөлім	
1.1.	І Марш ырғағымен балаларды қарсы алу. **«Марш»** (Е.Брусиловский). 1-2 тактілерде: Бірінің артынан бірі, шеңбер бойымен марш ырғағымен жүруді үйрету.3-4 тактілері. Музыка тоқтағанда, тоқтау керек.
1.2.	**Сәлемдесу:** -Сәлеметсіңдер ме, балалар!

	Балалар: Сәлеметсіз бе! *(Фортпиано аспабы арқылы амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбері:** «Шаңырақ» Ортаға тұрып, ленталары бар шеңберді өзінің төбесіне көтереді. – Әрқайсысың бір-бір лентадан ұстаңдар. Не пайда болды? – Дұрыс, біздің шеңберіміз киіз үйге ұқсайды. Жоғарыдағы күмбез шаңырақ деп аталады. Шаңырақ – отбасының белгісі. Әр адам, үлкен болсын, кіші болсын өз үйін жақсы көреді, себебі ол үйде оның отбасы тұрады. Отбасының болуы – үлкен бақыт. Достарменен бір жолда, *(шеңбер айнала жүреді)* Иықтасып жүреміз. *(иық тіресіп жүреді)* Қиындықта қол ұшын, Береріне сенеміз.
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар** «Тұлпарым» әні, сөзі (Бота Бейсенова) *Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды.* *Әуен ырғағымен орындарына барып отырады*
2.2.	**Музыка тыңдау** «Төлдерді шақыру». (Д.Ботбаев, Г.Әбдірахманова). Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі Әнді музыка жетекшісі орындап береді. Өткен әндерді қайталау. *(Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, қимылды әндерді қимылмен көрсете отырып орындау)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** Күй сандықты ашайық до-до-до, Тілдерін біз басайық до-до-до. Бас дыбысты басайық до-до-до, Шырқап әнге салайық до-до-до -Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыру жаттығуларын жасауымыз керек.
2.4	**Ән айту:** Ән «Наурыз-мереке» -Балалар, мен «Наузыз-мереке» әнін айтып берейін, сендер тыңдаңдар. Сөзін қайталап, әнге қосылып отырыңдар.
2.5	**Сергіту сәті: «**Төлдер**»** Біздерде бар, қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Ұйықта десен ұйықтайды. *(мазмұнына қарай қимыл-қозғалыс жасайды).*
2.6	**Ойын**: «Үнің ажырат» Педагог ойын шартын түсіндіреді. *(Балалар ойын шартын мұқият тыңдап, ойынды ережеге сай орындайды)*

3. Қорытынды.	-Бүгін не туралы айттық? -Наурыз қандай мереке? -Келесі жолы төлдерді, енелерін өздерің ойнайсыңдар. -Қандай ұлттық ойындарды білесіңдер? -Өте жақсы қатыстыңдар, жарайсыңдар. Келесі кездескенше аман-сау болыңдар! Өтілген тақырыпты қортындылау. Балаларды мақтау, марапаттау. Балалар қоштасады

№ 17 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Ағайынбыз бәріміз»
Мақсаты	Музыка арқылы балаларды адамгершілікке,татулыққа баулу. Қайталап дұрыс айта білуге баулу.Жаттауға, әнге қосылып айта білуге тәрбиелеу.Достыққа, бауырлыққа тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Бірлігіміз жарасқан-единство народа
Болжамды нәтиже	**Білу керек** әнді жаттап, оны түсінуге, мағынасын түсініп орындауды.
	Қалыптасқан әдет сергіту жаттығуын барлығы орындарынан тұрып жасауды
	Істей біледі сұрақтарға толық жауап берді. Бауыр,дос ұғымдарын
Көрнекілік материалдар	Халықтар достығы бейнеленген суреттер. Үнтаспа. Күй табақ, суреттер
Үлестірмелі материалдар	Аккордеон, металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырушылық кезең**
1.1.	Балалар Марш ырғағымен музыка залына кіріп, жарты шеңбер құрады.
1.2.	**Сәлемдесу** -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал қанекей бәріміз, Сәлемдесейік үлкенге. **Балалар:** *(Фортпиано аспабы арқылы амандасады)*
1.3.	**Шаттық шеңбер** Достар бері келіңдер, Қолдарынды беріңдер. Шаттық толы шеңберге. Қуанышпен еніңдер *(балалар үлкен шеңбер құрып орындайды)*

2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар:** «Ойнайықта күлейік» Ренжітпе досыңды, Мен қостаймын осынды. Тату ойнап әрқашан. Көтер көңіл қошынды. *Қ-сы* Ойнайықта күлейік, Тату болып жүрейік. Бақыт кілті достықтың. Татулық деп білейік. *Әннің сөзіне қарай би қимылдарын орындайды.* *Әуен ырғағымен орындарына барып отырады*
2.2.	**Музыка тыңдау** «Достық жыры» Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі Әнді музыка жетекшісі орындап береді. Өткен әндерді қайталау. Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, қимылды әндерді қимылмен көрсете отырып орындау.
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** -Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыру жаттығуларын жасауымыз керек. Балалар фотрепиано аспабы арқылы лю,лю,лю,лю,лю жаттығуын айтып, дауыстарын жаттықтырыды.
2.4	**Ән айту** **«**Ағайынбыз бәріміз» Өленің жазған: Ә.Дүйсенбиев. Әнің жазған: М.Әубакиров. 1.Жақсылыққа, бақытқа, Талпынған әр уақытта. Бала біткен дос,бауыр Болмасын еш тосқауыл. *Қ- сы:* Ақпыз,қара,сарымыз, Ағайынбыз бәріміз! Ортақ болсын асқар тау, Жеміс толы бақша-бау. Болсын жер мен су да ортақ, Болсын бізге ту да ортақ. *(Әнді мәнеріне келтіріп, қатты айғайламай, бір – бірін тыңдап орындау)*
2.5	**Сергіту сәті** Музыка әуенімен қимыл-қозғалыс жасау. Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтар боп иіліп, Шаңыраққа киіліп, Достық үйін құрамыз. «Достықта біздің күшіміз» 1,2,3-желбіре жалауша! (қолдарын жоғары көтеріп шайқайды) Достықта біздің күш! (екі алақанын бір-бірімен түйістіреді)

	Достармен бірге жүреміз, бірге ойнаймыз күлеміз! Бірге балық аулаймыз, міне біздер қандаймыз. Бөлінбейді іргеміз! Әрқашанда біргеміз.
2.6	**Ойын «**Музыкалық қапшық**»** Педагог ойын шартын түсіндіреді.
3. Қорытынды.	-Балалар біз бүгін қандай ән жаттадық? - Біз қай мемлекетте өмір сүреміз? - Біздің мемлекетімізде қандай ұлт өкілдері тұрады? Ғажайып сөздер. Әр бала өз отбастары туралы айтып береді. Бір-бірлерімен дос екендерің түсінеді. -балалар сабақта айтып үйренген сөздерді қайталап айтады. Бүгінгі ұйымдастырылған оқу-қызметінде біз адамдардың бір-біріне деген ыстық ықыласын, мейірімділігін, сүйіспеншілігін сөз еттік. Табиғатқа, қоршаған ортаға қамқорлық көрсету, адамдарға жақсылық таныту жақсы қасиет екенін түсіндіру**.** Балалар ұйымдастырылған оқу-қызметіне қызығушылық танытып әнді қайталау арқылы сабақты қорытындылау

№ 18 –ші ұйымдастырылған оқу қызметі

Тақырыбы	«Біз өмірдің гүліміз»
Мақсаты	Музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштауға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру, тәрбиелеу.
Сөздік жұмыс.	Гүл-цветы
Болжамды нәтиже	**Білу керек** әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды білу керек.
	Қалыптасқан әдет жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды
	Істей біледі әнді, дауыс жаттығуларын мәнерлеп орындауды
Көрнекілік материалдар	Күй табақ, суреттер
Үлестірмелі материалдар	Түрлі музыкалық аспаптар.
1.Кіріспе бөлім	**Ұйымдастырушылық кезең**
1.1.	Балалар «Марш» Т.Ломовой әуені арқылы музыка залына кіреді, балаларды «Күн шуағы» атты шаттық шеңберге тұрғызады
1.2	**Сәлемдесу:**

	Сәлеметсіңдер ме, балалар! **Балалар:** Сәлеметсіз бе!*(Фортпиано аспабы арқылы амандасады*
1.3.	**Шаттық шеңбер** Күлімде күн күлімде, Бүлдіршіндер қуансын. Жарқырап күнде ашылды. Айналаға нұр шашылды Қайырлы күн, біз –көңілді баламыз! Қайырлы күн, біз сүйкімді баламыз! (*Балалар шаттық шеңберіне тұрады, өлең шумақтарын қайталайды)*
2 .Негізгі бөлім	
2.1	**Музыкалық ырғақты- қимылдар** «Тату достар». Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді. -Кімнің қандай өнері бар? -Кім билегенді ұнатады? -Ал кім қалаған әнін орындап береді? – деген сұрақтар қойып, балаларға өз шығармашылықтарын, өнерлерін көрсетуді ұсынады
2.2.	**Музыка тыңдау:** «Дос болайық бәріміз» Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгіме өткізіледі. Дос болайық бәріміз!!!* Әрқашан дос, біргеміз, Ажырамас іргеміз. Ілгері жүріңдер, Достық жырын біліңдер. Ту ғып ұстап бірлікті, Еңбектікті сүйіңдер! Қайырмасы: Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. Өткен әндерді қайталау. *(Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, қимылды әндерді қимылмен көрсете отырып орындау)*
2.3	**Дауыс қыздыру жаттығуы** -Балалар ән айтар алдында дауыс қыздыру жаттығуларын жасауымыз керек. Дауыс жаттығуларын анық, таза орындайды. «а», «о», «и» дыбыстарына «Біз бұлбұлмыз сайраған (до-ре-ми) Біз гүлдерміз жайнаған» (ми-ре-до-до-до) Ән саламыз күнде біз, Шаттық толы іргеміз, Біз тату достармыз, Біз үнемі біргеміз.
2.4	**Ән айту:** :«Біз өмірдің гүліміз» Ә.Дүйсенбиев

	Зеңгір көктем, нұрын төккен. Ортақ біздің күніміз, Жайнап өскен, жайдары өскен. Біз өмірдің гүліміз, Бал достыққа, жолдастыққа, Шақырады әніміз. Тыныштыққа нұр құшаққа. Бақыттымыз бәріміз. *Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді.* *Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді. Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады. Әннің мәтінін қыздарға, ұлдарға, топпен қайталату. Әуенімен қосылып айтуға үйрету. Жәй әуен ойналады.* *(Жаңа әуенді қуана қабылдап, әуеннің үйренеді. Сөздерін қайталап мағынасын түсінеді)*
2.5	**Сергіту сәті.**Музыка әуенімен қимыл-қозғалыс жасау. Дөңгеленіп тұрамыз, Керегені құрамыз. Уықтай болып иіліп, Шаңыраққа киіліп. Достық үйің құрамыз *(Балалар шеңберде тұрып орындайды)*
2.6	**Ойын «**Ән салған кім?» Ойна, ойна, ойнайық, Биле, биле, билейік. Ойын ойнап көңілді, Қызыққа тоймайық! Педагог ойынның шартын түсіндіреді Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді.
3. Қорытынды.	Балалармен әнді қайталау. -Достық деген сөзді қалай түсінесіңдер? - Сендердің достарын бар ма? Өте жақсы, балалар. (Көңілді музыка ырғағымен балалар залдан шығып кетеді)

Қосымша

№ 1 ҰОҚ

Ойын «Музыкалық моншақтар»
Мақсаты: Балалардың музыкалық есту тыңдау көру қабілеттерін дамыту.

Ойын барысы

Ойын балаларды қысқа және ұзақ дыбыстармен таныстыру үшін қолданылады. Музыкалық жетекші шағын әнді немесе әуенді ойнайды, ол ойнатылғанда әуеннің ритмитикалық суреті анық естілуі тиіс және музыкадағы ұзақ және қысқа дыбыстарды табу керек. Бұл дыбыстарды үлкен және кіші моншақтардың көмегімен бейнелеуге болады. Үлкен моншақтар – бұл ұзақ дыбыстар, кіші моншақтар – қысқа дыбыстар.

№ 2 ҰОҚ

Ойын «Музыкалық үй»
Мақсаты: Музыканың түрлерін ажырату қабілетін арттыру.

Ойын барысы

Үйдің суреті және терезелері ашпалы болуы керек. Терезені ашқанда музыканың түрлеріне байланысты би, ән,марш,күй суреттері бар. Балалар музыканы тыңдай отыра, түрін анықтап, арнайы терезені ашса. сол бала жеңімпаз атанады.

№ 3 ҰОҚ

Ойын «Музыкалық жұмбақ» (Т.Сарыбаева)

Мақсаты: Музыкалық жұмбақ ойынды қолдану арқылы балалар аспаптар түрлерін, құрылысын ажырата отырып, тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйрене лады.

Ойын барысы

Ойынға екі баланы сайланып шығады. Бір баланы залдың сыртқы жағына шығарады, ал екінші бала ойыншықты жасырады. Сырттағы бала кіріп, ойыншықты іздей бастайды. Отырған балалар достары ойыншыққа жақындаса қатты шапалақпен белгі береді, жасырылған жерден алыс жүрсе ақырын аяқпен тоқылдатады.

№ 4 ҰОҚ

Ойын «Жау, жаңбыр» (Т.Сарыбаева)

Мақсаты: музыканың шығармашылық іс-әрекеттін қарапайым,дағдыларын меңгеру.Әнің нақышына келтіріп айту. Әннің сөзін толық айтуын қадағалау. Ойын арқылы сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру

Ойын барысы

«Жау, жаңбыр» (Т.Сарыбаева) әні орындалып, мазмұнына сай қимылдар көрсетіледі. Балалардың епті, жеңіл қозғалуына мән берілуі тиіс.«Балалар мен жаңбыр» ойыны ұйымдастырылады. «Жаңбыр» әуені (Т.Ломова) ойналып, педагог жаңбыр «таяқшаларын» ұстап, зал ішіне жүгіреді. Әуен соңында балалар қолшатырлар астына жасырынып үлгеруі тиіс. Қолшатыр астында отырып әннің шумақтарын айтады:

Жаңбыр, жаңбыр, төк-төк,
Шықсын гүлдер көп-көп! – деп атайды.
Музыка жетекшісі көңілді дауыспен:
Күннің көзі ашылды,
Алтын нұры шашылды! – дегенде «Балалар полькасы» (М.Глинка) ойналып, балаларға жүгіріп, секіруге еркіндік беріледі. Ойын екі рет қайталанады.

№ 5 ҰОҚ

Ойын «Ойлан тап»

Мақсаты: Балалар суреттегі заттарға мұқият қарап,зер сала білуге үйрету. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойын барысы

Музыка жетекшісі әр балаға бір карточкадан таратады. Фортпианодан немесе үн таспадан әуендер ойналады. «Қоян» М. Старокадомского, «Аю» В. Ребикова, «Құстар» М. Красева. Балалар осы әуендерге сай қолдарындағы карточкаларды көрсетеді.

№ 6 ҰОҚ

Ойын «Алақан»

Мақсаты: Балаларға ойын ойнатып, билетіп, ән айтқыза отырып, мерекелік

көңіл-күй сыйлау. Белгілі бір ойын шартын орындау дағдыларын шыңдау. Әр баланың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Ұжымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.

Ойын барысы

Бәрі қол шапалақтап, өлең қайырмасын айтып тұрып, кінәлі баланы бақылайды. Оны тапқан кезде, айыбына ән, би, немесе тақпақ сұрайды. Кінәлі бала айыбын өтеген соң, ойын одан әрі жалғасады.
Бәрі сол балаға бұрылып тұрып, былай дейді.
Соғылғанда алақан,
Жаңылдың сен, балақан.
Шаю үшін кінәңді,
Көрсет бір өнеріңді.
Ойын 2-3 қайтара ойналады.

Сюжеттік ойын **«**Жолаушылар**»**
Музыка әуені қосылған кезде балалар көңілдерін көтеріп саяхатқа шығады. Жолға шығу ережелерін түсіндіріп, саяхатқа баратын автобус көлігімен таныстыру.

№ 7 ҰОҚ
Ойын «Қысқы аңдар»
Мақсаты: Балаларды аңдардың қысқы тіршілігімен таныстыру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы білімдерін жетілдіру. Шығармашылық жұмыстарға қызығушылықтарын арттыру, ой – қиялдарын іс жүзінде көрсете білуге үйрету.

Ойын барысы

Қысқы орманға саяхаттап,
Серуендеп барамыз.
Ытқып-ытқып жүгріген
..... жүрісін біз саламыз. (Қоянның). / қай балалардың қолында қоянның суреті бейнелеген кароточкалар болады сол балалар қоянның қимылын билеп көрсетеді.
Қысқы орманға саяхаттап,
Серуендеп барамыз.
Қутыңдаған-қу
..... жүрісін біз саламыз. (Түлкінің). / қай балалардың қолында түлкінің суреті бейнелеген кароточкалар болады сол балалар түлкінің қимылын билеп көрсетеді.
Қысқы орманға саяхаттап,
Серуендеп барамыз.
Қорбаңдаған .....
жүрісін біз саламыз. (Аюдың. / қай балалардың қолында аюдың суреті

бейнелеген кароточкалар болады сол балалар аюдың қимылын билеп көрсетеді.
Қысқы орманға саяхаттап,
Серуендеп барамыз.
Ашуланған .....
жүрісін біз саламыз. (қасқырдың. / қай балалардың қолында қасқырдың суреті бейнелеген кароточкалар болады сол балалар қасқырдың қимылын билеп көрсетеді.

№ 8 ҰОҚ

Ойын «Аспапты үнінен тап»

Мақсаты: Есту қабілетін дамытып,аспаптарды үнінен ажырату қабілетін арттыру.

Ойын барысы

Шымылдықтың артындағы бала өзіне металлофон, қоңырау, үшбұрыш, ағаш қасықтар,домбыра..т.б ұнаған аспабын ойнайды. Аспапты үнінен кім тапса, сол жеңімпаз болады.

№ 9 ҰОҚ

Ойын «Жоғары төмен дыбысты тап»

Мақсаты: Музыкалық дыбыстардың төмен, жоғарылығын ажыратуға үйрену.

Ойын барысы

Суретті карточкалар:үйрек-балапан, аю-қонжық, қоян-көжек, жылқы-құлын т.б. әрбір карточкамен балалалар жеке жұмыс жасайды. Ре (төмен дыбысты естігінде карточкадағы сол дөңгелекті жабу.) Ля(жоғарғы дыбыс) жануардың баласын көрсету керек.

№ 10 ҰОҚ

Ойын «Бауырсақ кіммен кездесті?»

Мақсаты Музыканы сезінуге, төмен, орташа, жоғары дыбыстарды ажырата білуге баулу.

Ойын барысы

Музыка жетекшісі «Бауырсақ» ертегісін және сол ертегінің кейіпкерлерін естеріне түсірулерін сұрайды. (қасқыр, түлкі, аю, қоян). Музыка жетекшісі осы аңдарға байланысты музыкаларды, мысалы аюдың музыкасын, төменгі регистрдан, ал қоянның музыкасын жоғарғы регистрдан ойнайды. Балалар музыканың қай регистрдан ойналғанын тыңдап, қай аңның музыкасы екенін тауып, сурет арқылы көрсетеді.

№ 11 ҰОҚ

Ойын: «Әнді тап»

Мақсаты: Әр-түрлі жанрдағы музыкаларды ажыратып, мағынасын түсінуге тәрбиелеу. Тез ойлануға, шапшаңдыққа үйрету. Есту қабілетін дамыту.

Ойын барысы

Балаларға әуен фортепианодан ойналады.Әнді әуенінен дұрыс тапқан бала қолдарын көтеріп жауап береді. Әннің атын атап айтқан балалар қолдарындағы карточкаларды көрсетіп, әннің шумағын орындап береді

№ 12 ҰОҚ

Ойын «Музыкалық аспаптар дүкені»

Мақсаты: Балаларға арналған музыкалық аспаптардың дауыс тембрін ажыратуға үйрету. Аспаптарда өз еріктерінше ойнауға, шығармашылыққа баулу.

Ойын барысы

Балалар аспап түрлеріне сәйкес бірнеше қатар болып отырады. Музыка жетекшісі ширма артында аспапта ойнайды, балалар дауысын ажыратып, суретті картолчкалардан көрсетеді. «Музыка бояулары»

№ 13 ҰОҚ

Ойын «Сылдырмақтар» (М.Раухвергер)

Мақсаты: балалардың тыңдау ынтасын дамыту.

Ойын барысы

Балалар шеңбер жасап тұрады, сылдырмақты оң қолдарында ұстайды. Қоян – шеңбердің ортасында. Музыка сүйемелдеуімен барлығы сылдырмақта ойнайды,екі аяқпен секіреді. Музыка аяқталуымен балалар сылдырмақтарын тығады,қоян сылдырмақтарды іздейді.Ойын осылай жалғасады.

№ 14 ҰОҚ

Ойын «Құстың даусын тап»

Мақсаты: Музыкадағы жоғарғы және төменгі дыбыстарды ажырату, есту сезімін тәрбилеу.

Ойын барысы

Құстардың суреті балаларға үлестіріліп беріледі. Ку-ку деп құстар сияқты әндетеміз.Үлкен құстар- жуан әндетеді,кішкентай құстар -жіңішке дыбыста әндетеді.

№ 15 ҰОҚ

Ойын «Көңілді оркестр»

*Мақсаты:*Балаларды аспаппен әуенді сүйемелдеуге үйрету. Шығармашылық қабілетін дамыту.

Ойын барысы

Балалар музыка әуенімен орнымыздан тұрып үлкен шеңбер құрамыз. Балалар музыкалық аспаптарды қолымызға алып әуенді сүйемелдейміз. Ортада бір баланы дирижер қылып сайлап аламыз. Әуеннің ұзақтылығын қол қимылымен көрсетіп тұратын дирижер бала боласын.Әуеннің ауысымына қарай, балалар маршпен ырғағымен адымдап жүреміз. Аяқтың ұшымен жүреміз. Жеңіл секіре жүреміз. Аспапты әуенге сай ойнау керекпіз.

№ 16 ҰОҚ

Ойын «Үнің ажырат»

Мақсаты: Балаларға музыканың өзгеру темпін ажырата білуге үйрету.

Ойын барысы

Балалар (сылдырмақтың, қоңыраудың металлофонның) үнің мұқият тыңдайды, қай аспап ойналса сол аспаптың суретін көрсету керек

№ 17 ҰОҚ

Ойын «Музыкалық қапшық»

Мақсаты: әуеннің мазмұнын ажырата білу.

Ойын барысы

Балалар мына музыкалық қапшықта аспаптар бар.Ол қапшықтың ішіндегі музыкалық аспаптарды кезек-кезек ойнаймын, сендер аспаптырдың үнің мұқият тыңдап ажыратып, қандай аспаптың үні екенін ойлап табуларын керек.

№ 18 ҰОҚ

Ойын «Ән салған кім?»

Мақсаты: Балалардың музыка жанрлары туралы білімдерін дамыту. Әнді, биді, маршты ажырата білуге баулу.

Ойын барысы

Балалар шеңбер жасап жүріп әндетеді. Шет жақта, балаларға сыртын беріп отырған бала, ән салған баланың дауысын тануы керек. Отырған бала ән салған баланы дауысынан таныса, олар орын ауыстырады.

(тембрді айыру үшін арналған ойын)

Көп бала бар бөлмеде,
Бірі ғана ән салады.
Ал сырттағы
Кім екен деп тамсанады
Бір бала былай деп әндетеді.
Мен бақытты бөбекпін,
Таудай биік талабым,
Ән мен күйге зерекпін,
Бірден қағып аламын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.С.Ғ Бәтібаева, Ф.М Қоңыратбай «Ән-күй» Хрестомаиясы

2.Р.Қ. Дүйсембинова «Музыкалық білім беру педогогикасы».- Талдықорған, 2006 ж.

3. «Ұстаздар» сайты материалдары

4. Интернет-ресурс

5. Дерек көзі: https://erketai.kz/balalarga-arnalgan-oindar/balabakshadagy-muzykalyk-ojyndar/

6. http//ust.kz/word/mening_otbasym-1479.html

7 .

8 .https://bilim-all.kz/

9. «Зерек ботақан»

10. Көркем әдебиет (хрестоаматия) «Аруна», 2000

11. Ф. Қоңыратбай «балабақшадағы мерекелер»

12.С. Зәуірбекова «Бұлақ көрсең көзін аш»